




Қобдабай Қабтыразақұлы

Туран топырағына иманипедагогиканың ұрығын шашқан ғұламалар



1. Фараби бабамыздың тәрбиелеу ілімі- иманипедагогиканың қайнар бастауы



Адамзат нәсілінде Алланың жамалына шомылған айтулы тұлғалар баршылық. Олар жаратылыс пен ондағы адам баласының рөлін толыққанды түсіндіріп бергендігі үшін де қария тарихтан кемеңгер есімін иеленді. Осындай данышпанның бірі Тұран топырағының тумасы-Әбунасыр әл-Фараби. Ерте замандарда жазылған араб тарих-шылары мен саяхатшыларының еңбектерін тереңінен қарастырған Ақжан Әл-Машани Шығыстың екінші ұстазы Әл-Фарабидің туған жері қазіргі Қазақ елі екенін былай

дәлел келтіріп: «Әл-Фарабидің туған жері Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) екенін дәлелдеп жазып, картаға түсірген – арабтың атақты ғалым-географы ибн-Хаукал. Ол өзінің «Китап Масалик уа мамалик» деп аталатын географиялық еңбегінде Түркістан аймағының сипатын беріп, қалаларын картаға түсірген. Ол Отырарды жазғанда, картаға түсіргенде әдейі, арнайы тоқталып: «Бұл жер атақты ғұлама, асқан философ әл-Фарабидің туған жері», – деп көрсетіп кеткен. Ибн Хаукал мен әл-Фараби бірін-бірі жақсы таныған, сол кездегі Дамаск шаһарының билеушісі Сайф ад-Дауланың сарайында бірге болған» деп жазады. Қазақ ұлтының дүниетанымы, ой-өрісі, әдет-ғұрпы, салт-санасы шығыстың рухани әлемімен астасып тұтастық құрады. Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағының көзі ашық, көкірегі ояу ойшыл азаматтары бүкіл шығыс мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза білді. Кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Солардың бірі – түркі әлемінің ұлы ойшылы, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз. Ғұлама ойшылдың толық аты-жөні – Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби (870-950). Ол ғылым мен білімдегі, адам мен әлемдегі ең терең байланыстарды, қасиеттерді, сипаттарды құндылық ретінде өрнектей білген. Фарабидің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Ол ғылым мен тәрбие ұштасса

ғана рухани салауаттылыққа жол ашыпмақ деді. Мінез-құлққа түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді деген ескертеді. Ол «Адамның кемелдігі неде?» деген сұраққа жауап іздейді. «Балық су үшін жаралған, құс ұшу үшін, ал, **адам бақыт үшін жаралған**» дейді. «Бақытқа қалай қол жеткізуге болады?» деген сұраққа «Білім мен мінез-құлқ арқылы» дейді. «Ол білімнің мәні қандай? Бақытқа апаратын мінез-құлқ қандай?» деген сұраққа «ізгілікті мінез-құлқ, рухани білім» дейді. «Оған қалай қол жеткізуге болады?» деген сұраққа «**Оған: ізденіс, тәрбиелеу өнері және оқу арқылы жетуге** болады»-деп түйіндеді. " Біз жақсы мінез-құлқ пен ақыл-парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз. Бұл, Фарабидің адамтануда ұстанған негізгі қағидасы. Бүгінгі біздің «жан-жақты дамыған жас» деп жүрген ұғымды, ол, сол заман, тиянақтай білген. Өл-Фараби Адам дамуындағы басты мақсат **интеллектуальды-рухани жетілу арқылы бақытқа жету деп көрсетеді.** "Бақытқа жету жолын көрсету" деген трактатында "Бақыт-ол әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол қандайда бір жетілу болып табылады". Жалпы, өл-Фараби еңбектерінде адамның жетілу мәселесіне ерекше ден қойылған. Екінші ұстаз атанған өл-Фараби бабамыз да бақыт жолын сілтейтін нәрсе адам бойындағы ақыл-парасат, мәселе сол арқылы ақыл-парасатты әділет пен жақсылыққа бағыттай білуде. Жақсы ақыл-парасаттан тамақ әрекеттер, жаман ақыл-парасаттан оңбаған әрекеттер болады [4], деп көрсетіледі. Өл-Фарабидің пікірінше, **адамның жан-жақты жетіліп, бақытқа жетуі үшін жағымды іс-әрекет, ізгі мінез дұрыс ақыл қажет.** Адамның жан-жақты дамуын, ол адам әдебінің жетілуімен сәйкестен-діреді. Адамның жан-жақты дамуы, өл-Фараби бойынша, практикалық ақылдың міндетіне жатады. **Практикалық ақыл адамның кәміл дамуы үшін мүмкіндік жасайды.** Өл-Фарабидің адамның жан-жақты дамуы іліміне шығатын түйіндер: адам барлық заттың өлшемі, ол-басты құндылық адам ақылы табиғат құбылыстарын танудағы басты құрал, адамзат қоғамының прогресіне кәміл сенім, адам дамуы кемелденуі арқылы көркемділік, сұлулық, үйлесімділік ұғымдарының кеңеюі. Өл-Фараби үшін жан-жақты жетіліп, кемелденген адам өз күш-қуатын адамдардың ізгілігіне жұмсайтын тұлға. Онда

адам ақыл мен әдептілікті, ізеттілікті үйлесімді тоғыстырады. Фараби ең әуелі ұстаз, ағартушы, оның бүкіл философиялық, ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Ол-адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтады. Осы мұратқа жету үшін ғұлама адамдарды дұрыс танып, тәрбиелеу жолын жеке-жеке көрсетеді. **Ұстаздың айтуы бойынша адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді.** Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізгі кредосы – **адамдар бақыт жолында өзара көмек, достық, бейбітшілік қаты-наста өмір сүруі.** Ұстаздың пікірінше, оқу, білім алу, ғылым адамы болу, адамгершілік және тәрбие мәселелерімен тығыз байланысты. «**Тәрбиелеу дегеніміз – халықтың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту**» - дейді ғұлама. «**Балаға білім беру үшін, ең алдымен оны тәрбиелеу керек, тәрбиесіз берілген білім, адамзаттың қас жауы**» Тәрбие әдістерін дұрыс таңдап алу тұлғаны адамгершілікке тәрбиелеудің кепілі. «Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жүзеге асыруға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары – сұрқиялық, кемістік немесе опасыздық болып шығады». Өл-Фараби сонау Ерте орта ғасырлардың өзінде адамзат ілімінің молайып, ақыл-парасаттың жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын атап көрсеткен болатын. Фараби идеялары оның 140-тан астам трактаттарының арқауы болды. Фараби трактаттарының әрқайсысы өзіндік бір дүние, қағида, теория мен әдіс. Солардың бірі 948 жылы Египетте жазылған «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» болып табылады. Адам кемелдігі неде? Бақытқа қалай жетуге болады деген сұраққа әлемнің екінші ұстазы атанған Өл-Фараби білім мен іс-әрекет арқылы жетуге болатындығын айтады. Бақытқа жеткізетін барлық іс-әрекеттер мен қызмет әрқашан қайырымды. Әрекетшіл жанның мақсаты - әдейі көзделген ұмтылыс болуға тиіс. Оған іскерлік пен көрегендікті, яғни дүниені тану қабілетін бойына дарыту ұмтылысы ұйытқы болады. "Адам қайырымдылық, сұлулық, игілік және ұлылықты басқа адамдардан емес, өзінің жаны мен тәні арасындағы барлықтан алса, ол шынмен де қайырымдылық пен бақытқа қол жеткізеді". **Қайырымды жан—ақыл-парасаттың, адам бақытты мен бақ-дәулетінің күрескері.** Қайырымдылық - табиғи

бейімділіктің іс-әрекетпен ұштасуы, маңызды міндет-мұрат үшін жігер мен табандылық. Адам өмірін жай ғана сүрмей, үнемі қайырымдылық жасауға, ізгілікке, жақсылыққа қарай ұмтылуға қажеттігін ескертеді ұлы ойшыл, сонымен қатар қоғамдағы ең негізгі рухани құндылықтарға « Өзара көмектесуді» жатқызады. « Қайырымдылық екі түрлі болады, - дейді ғұлама: этикалық және интеллектуалдық. Интеллектуалдық – (жанның) ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат, ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық қайырымдылық – (жанның) ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік. Жаман қылықтар да осылайша бөлінеді». Бұл жерде этикалық қайырымдылықтардың нағыз рухани құндылықтар екендігін атап өтуге болады. Сонымен қатар осы қасиеттердің тұрақтануы үшін көп рет қайталануы және соған үйренуі қажет екендігі айтылады. Бұл адамның тұлға болып қалыптасуындағы рухани дамудың ролі зор екендігіне қарай бағыттайды. Фараби бірінші орынға шынайы бақытқа жетуге кепіл болатын мінез-құлық тәрбиесін қояды. Фараби мінез-құлық тәрбиесінің құрал,әдістерін белгілеуде Аристотельдің адамдағы барлық мінез-құлық, қасиеттерді туа біткен емес, жаттығу, әдеттену машықтану нәтижесі деген қағиданы басшылыққа алып, ары қарай дамытып әкетеді. Ол адамда жақсы әдет-мінез қалыптастыруда *ерік- қайратына көп мән береді, өйткені сезім мен рухани нәпсі мен парасат мұқтаждықтары бір-біріне қарама-қарсы келгенде санамен шешу ерікке, өзін-өзі билеуге тіреледі.* Мұндай жақсы ниет, оң істер бара-бара адамның дағдысына, жақсы қасиетіне айналып, ол тәрбиелі жақсы мінез-құлықты болып өседі. Бұл айтылғандар Фарабидің "Бақытқа жол сілтеуінде" былай дәйектеледі: *"Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші- бұлар адамишылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады. Біз мінез -құлық сапаларының абзалы да, оңбағаны да жүре-тура пайда болады дейміз.* Адамда қалыптасқан мінез-құлық болмаса, онда ол жақсы немесе жаман мінез-құлыққа тап болғанда, қарама-қарсы мінез құлыққа өз еркімен кешіп кетуі мүмкін. Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың

арқасында бір мінез- құлықтан басқа бір мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе-*әдет болады, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі және ұзақ уақыт қайталануын айтамын.* Мінез-құлықтың қалыптасу жолдары өнерді үйрену жолдары сияқты. Мысалы, жазу өнеріне шебер жазғышқа тән әрекеттерді сол адамның орындап машықтануы арқылы жетеді. Басқа өнерлердің де келу жолы дәл осындай... Абзал әрекет жөнінде де істің жайы осылай сияқты ол адам жақсы мінез-құлыққа жетілгенге дейін оның өзінің табиғатына біткен әлеуметке сай келетін мүмкіндіктерді іске асыру қажет. Адамда белгілі бір мінез-құлық қалыптасуы үшін осыған сай келетін әдеттер берік орын алулары керек». Фараби мұнан басқа жүйелі түрде жаттығу, машықтану, сендіру, еліктіру, үлгі көрсету т.б. тәрбие және өзін-өзі тәрбиелеу әдістерін қолдануды ұсынады. Практикалық дағды, шеберлік-терді, жақсы мінез-құлықты дарытуда ол тәрбиелену-шінің мінезін және басқа жағдайларды ескере отырып екі педагогикалық әдісті-жұмсақ және қатаң әдісті ұштастыруды көздеді. *әл-Фарабидің педагогика ғылымының негізін салушы екендігін оның еңбектерінде қарастырылған педагогикалық ұғымдардың анықтамалары неғұрлым нақтылай түседі.* Педагогиканың негізгі ұғымы болып табылатын оқыту мен тәрбиеге ғұлама мынадай түсініктеме береді: *«Оқыту адамдар мен халықтарда теориялық қайырымдылық дарыту болады, ал тәрбие - білім-білікке негізделген өнер арқылы оларға этикалық қайырымдылық дарыту тәсілі.* Оқыту тек сөз арқылы жүзеге асырылады, ал тәрбие кезінде адамдар мен халыққа білімге негізделген қасиеттерден шығатын әрекеттерді жасауды дағдыға айналдыру үйретіледі...». Осы анықтама-лардың астарлы мағынасы қазіргі педагогикадағы «оқыту» мен «тәрбие» ұғымдарына берілген анықтамалармен сабақтасып, өзара байланысып жатқандығын айқын аңғаруға болады. әл-Фарабидің мұрасында педагогиканың негізгі ұғымы болып табылатын «білім беру» ұғымы да қарастырылған. *«Оқу бастамасы біздерге болмыс бастауларын білу құралы болып табылады, ал олардан шығарылатын қорытындылар – ғылыми пәндерді игерудің бастамасы мен құралы»* деген ғұламаның анықтамасы қазіргі педагогикадағы «білім беру - оқыту нәтижесі, тура мағынасында ол оқып-үйренілетін пән туралы алғашқы түсініктің, ұғымның қалыптасуын білдір-еді» деген анықтамамен өзара байланыс табады. Қоғамдық сананың формасы ретінде өнердің атқаратын қызметі зор.

Өнер арқылы дүниені көркемдік тану, өмірге эстетикалық қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның азаматтық және рухани адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуге қол жеткіземіз. Эстетикалық тәрбие – адамның өмірдегі, өнердегі, табиғаттағы, әсемдікті, асқан сұлулықты сүйсініп, сезім арқылы ұнату, дұрыс ұғынып, ләззат алуы. Көркемдік негіз еңбекті одан сайын қасиеттендіреді, тұрмысты сәндендіреді және адамның жоғары моральдық қасиетін қалыптастырады. Өл-Фараби «*Адамның мінез-құлқын кемелдендіретін іс-әрекеттер адамның тәнін кемелдендіретін іс-әрекеттерге ұқсайды. Тәнің кемелдігі – денсаулық, денсаулық бар болса, оны сақтау керек. Жоқ болса, оған жетуге тырысу керек. Тәнді сауықтыратын іс-әрекеттер тек қалыпты деңгейде болса ғана, саулыққа жетуге болады. Дәл осы секілді іс-әрекеттер де орта деңгейде болса, солар арқылы жақсы мінез-құлққа ие боламыз*» - дей отырып, тән сұлулығы адамның денсаулығында, ақыл, парасат күшінде және адамгершілік сапаларында екендігін баса көрсетеді. Фарабидің ілімі бойынша адамның рухани бет-пердесі, мінезі мен жүріс-тұрысы қоғамдық орта, тәрбие әсері, адамның еркі ауру сияқты көптеген объективтік және субъективтік себептердің әсерімен қалыптасады, өзгереді. Фарабидің пікірінше, тәрбиеге көнбейтін, жөндеуге, үзетуге болмайтын жас болмайды. Тек ретін тауып үйретуден, баулудан жалықпау керек. "Жаман қылық-ол жан ауруы. Бұл ауруды кетіру үшін тән ауруын емдеуші дәрігерге ұқсауымыз керек" - дейді ғұлама. Өл-Фараби еңбектерінде патриоттық тәрбие де назардан тыс қалмаған. Фараби-"Бақытқа жету жолы" атты трактатында жастарды батырлық, жомарттық, қайырымдылық, қанағаттылық, шешендік, т.б. қасиеттерді қалай тәрбиелеу жолын баяндайды.

Адамзат тарихында ұрпаққа тәрбие берудің жалпыадамзаттық идеяларын жүзеге асырып, жаңа педагогикалық жүйенің қалыптасуында өз заманында Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әлемге әйгілі ойшыл, ғұлама ғалым, халқымызға білімнің нәрін сепкен ұлттың ұлы кемеңгері Әбу Насыр әл-Фарабидің алатын орны ерекше. әл-Фараби алғашқы педагогикалық ой-пікірлердің жетістіктерін жаңғыртып, жетілдіре білді. Халық даналығы туғызған даньшпандық ой-пікірлерге, шығыс мәдениетінің озық үлгілеріне ден қоя отырып, өзінің төл педагогикалық тұжырымдамасын жасады. Оның педагогикалық тұжырымдамасы дидактика мен тәрбие теориясының мәселелерін бірге қамтитын іргелі жүйе болып

табылады. **әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеялары теориялық дәрежесі жазынан кез келген педагогикалық ілімге бастапқы негіз бола алады,** әсіресе оның күллі адамзат қауымдастығының жиынтығы ретінде ұлы қоғамды суреттейтін ізгілік тұғырнамасы қазіргі педагогиканың жетекші идеясы болып отыр. **әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген ұстанымды басты қағида ретінде ұсынды.** Өл-Фарабидің мемлекеттік басқарудың механизмдерін жетілдіріп, билікті ізгілендіру үшін ұжымдық, топтық басқарудың үлгілі идеясын, демократиялық әділетті, ақылды басшы туралы идеясын ұсынды. Өл-Фарабидің ойы бойынша қоғамның жетілген алғашқы үлгісі «қала-мемлекет» билігі болып есептелінді. Ғұлама ғалым анықтаған адамның адамгершілік құндылықтарына басымдық берілуі ізгі қоғамның неғұрлым орнықты сипаттамасы болып саналады, бұл қағида қазіргі заманғы таным үшін маңызды да өзекті болып отыр. Даньшпан билеуші бейнесінде көрініс тапқан кемел адам идеясы оның шыңы болды. Парасатты адам, қайрымды қала, қайрымды мемлекет, ақылды адам, ақылды тұрғын, ақылды қала, бақытты ел, бақытты өлке, бақытты ауыл, бақытты мекен бүгінгі таңда қияли мұрат емес, дүниенің кез келген бұрышынан табылатын ордалар мен шаһарлар...

Міне бұл айтылғандар, ғұлама бабамыздың ұлағатты ойларын, педагогикалық ой пікірлерін, мұраларын зерделеп зерттеген қазақстандық ғалымдардың (Қ.Б.Жарықбаев, С.Қ.Қалиев, А.К.Көбесов, Ә.Н.Көшербаев, К.Ж.Ибраев, Т.Ә.Ахметов, А.Қ.Жұмабеков, С.А.Ұзақбаева, А.С. Кабылова, К.Ж.Қожахиетова, т.б.) тұжырымдарынан алынған үзінділер. Бұлардың басты ерекшелігі белгілі талапты қалыпқа (Фарабиді утопист, атеист, деист, материалист - деген сияқты үкімдермен) талданып өңделген тұжырымдар Кеңестік идиология салтанат құрған сол шақта бұдан басқа мүмкіндік те жол да болған жоқ. Ал, шынайылық, тарихи әділеттік шындық қайда жатыр? **Нағыз парасатты, толық, жетілген адамдар** жауынгер атейзмді де, ғылыми материализмді де ұстана отырып, тұмшаланған сананы саясатқа бағындырмай паш ете алады екен. Мысалы, Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани : **« Ғылыми парыздың бірі де бірегейі де әл- Фарабиді кемеңгер ғалым еткен, ұлы ғұламалыққа жеткізген бабаның өзі тәлім алған ортасы –**

ҒЫЛЫМИ ИСЛАМИ ЖОЛ» – деп исламда ғылым мен дін тұтас бір нәрсе екендігін дінді ауызға алуды ақылмақтық санайтың заманның өзінде баршаға паш еткен... Ал, осы шақта, Д.Кенжетай: «...Фараби барлық рисалаларын "Бисмиллаһ" деп бастаған ойшыл. Ол діндар. Ол дегдар. Ол моралист. Ол философ. Ол мәселеге ислам әлемі деп емес, адам әлемі деп қарады. Сол арқылы ислам әлемін жаңа сатыға көтерді. Батыс, исламның өркениеттік әлемін мойындады. Исламнан үйренуге мәжбүр болды.», «Фарабидің ислам әлемінен, оның дін мен философияны, ғылым мен дінді, саясат пен дінді, мораль мен дінді, адам мен дінді, Алла мен дінді тұжырымдауынан көруге болады. Ең басты орында адам және оның санасы тұр. Бұл ойлар Фарабидің "Китаб ал милла" яғни "Дін туралы трактатында" орын алған. Алла мына әлемді адам үшін жаратқан. Адам бірінші орында тұр. Адамға адамдығын есіне салатын, таным, түсінік, теория, шаблонға қарағанда "ұстаз адамның", "үлгі адамның" ықпалы қуатты болады. Міне осы тұжырымға сай ол Хазірет Мұхаммад пайғамбарды, адамзаттың тұңғыш ұстазы, "Раис ал аууал" ретінде түсіндіреді.»- дейді. Бұл тұжырым, ұлы бабамыз ислам дінін ғылыммен егіз деп танығандығын көрсетеді. Ғылым, білім, дін арасындағы байланысқа жаңаша көзқарас қалыптастыру сияқты еңбектердің ұлттық рухты ояту мен қалпына келтіруге қосар үлесі зор. Әл-Фараби Алланың құдіреті мен ұлылығын басты орынға қойды. Жаратқаннан күнә қателіктерден тазартып, таза ақылды нәсіп етуін сұрап күндіз-түні дұға қылған. «Дін кітабы» еңбегінде: мынандай үзінділер бар: «Уа, Алла! Пендеңнен надандық пердесін сыпырып, пәнилік кінәраттардан пәк ете гөр. Өзің разы болатын іс қылуды нәсіп ет! Уа, Алла! Мәртебемді биік ет! Әр ісімнің соңын қайырлы қыл! Мақсат-мұраттарымды асыл қылып, іске асыр! Уа, шығыстар мен батыстардың Иесі! Уа, Раббым! Бойыма тектілік пен бекзаттықты бер, пайғамбарлардың керемет-терін көрсет, байлардың бақытын бер, данышпандардың даналығын дарытқайсың, тақуалардың тақуалығын таныт-қайсың! Маған ақиқатты ақ қылып көрсет! Жалғанды жалған етіп көрсет. Уа, Алла! Даналықтың ең биік деңгейіне жеткізіп, пәкизат періштелеріңнің әлеміне жақындат! Осы жолдарға талдау жасай отырып ұлы ойшылдың бар өмірі Алладан өзі тілеген тілегі қабыл болды ғой деп қорытындыға келуге болады. Себебі: Әл-Фарабиге әлемге танымал ұлы тұлға, ойшыл, ғалым, түркі, ислам әлемі философиясының жұлдызы, халықтың өзі Аристотельден кейінгі адамзаттың екінші ұстазы деген атау

берді. Бұл тұста ұлы бабамыздың өзі де Аристотельді аса жоғары бағалап, ұстаз санаған.

әл-Фарабидің «жаман мінез-құлық - бұл рухани дерт, жақсы мінез-құлық пен ақыл-ой парасаты - адамның басты қадір-қасиеттері», «бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат», ал «ұстаздың мінез-құлық нормасы қалыпты іс-әрекет үстінде ғана қалыптасады», «ол интеллектің пайымдағыш объектілерін аңғарады, сұлулықты сұмпайылықтан айырады, сөйтіп, өнер мен ғылымға ие болады» деген ортақ тағдырдың қағидаттарын өз педагогикаға орнықтырды. Әл-Фарабидің «Қайыр-ымды қаланың тұрғындарының көзқарастары» мен «Философияның дінді қажетсінбеуі» т.б. философиялық трактат-тарында шеңбер-қала болмысы жер шарындағы он сегіз мыңда бір Ғаламдағы тіршіліктің шағын моделі түрінде алынып, адамзат баласын несібелі бақытқа кенелтетін ізгілік пен әділет етіп көрсетеді. Игілік, байлық атаулы - өткінші дүниенің, пәнидің ғана өлшемі, ал ізгілік бақыт ұғымдары - мәңгіліктің бақилықтың жолы. Ізгілік-имандылықтың сәулесі. Жүрегінен иманы тайған, нәпсісін ынсабын тыймаған жан адамзат баласына жазмыш ілім-білімді, тағлым тәжірибиені ізгілік жолына емес, кесірлі кесапатқа, теріс пиғылға пайдалануы мүмкін, жүрегін таза ұстап, иманына кіршік түсірмей, рухани кемелдікке талпынған тұлғалар ұлы жаратушы деңгейіне жақын сатыға көтеріліп, жер бетіндегі тіршілік сырын бағамдай алады. [«Философиялық трактаттар» Орысшадан ауд. Қ. Сағындықов, М. Жанғали және М. Ишмухаммедов.- Алматы: Ғылым, 1973. - 448 б.] Әл – Фараби өз дәуіріндегі атқарған ең маңызды қызметі дін мен философия арасына көпір салды. Оның ойынша нағыз ойшыл философ пен пайғамбар арасында айырмашылық аз. Әл – Фараби дана ойшылдарды, дін шындығын түсіндіру мәселесінде , пайғамбар дәрежесімен теңестіреді. Әл-Фарабидің пікірінше, ең кемеңгер басшы бойында ойшылдық қасиеті бар адам. Бұл қасиеттер Мұхаммед пайғамбардың бойында болған. Соңдықтан Әл-Фараби Мұхаммед пайғамбарды «Бірінші басшы» деп есептеген. Имандылық қасиеттер – интеллектуалды ұлт тәрбиелеудің, ұлтжандылық қасиеттерді меңгертудің бірден-бір негізгі жолы. Әл-Фараби ділдік тазалық, адамдарға деген қайырымдылық, әрбір істегі парасаттылық туралы ойларымен ислам дінін адамдардың қарапайым тіршілігіне жақындата түседі. “Жүрегі шынайы сенімге толы, пәк-мінезді жандар ғана тәңірі махаббатта лайықты”. Мұндай тұлғада рухани сана өз кемелдігіне

жеткен. Сондықтан, рухани сана арқылы адам танымынан орын алған тәңірі болмысын кемелдікке жеткен тұлға ғана (ақыл-ой күшімен) танып біле алады. Танымның екі формасына назар аударған әл-Фараби, оны ішкі және сыртқы деп беледі. Және сол арқылы рухани дүниені таразылайды. Әл-Фараби: “Әлемдегі заттар мен құбылыстарды сезім арқылы танып білуге негізделген таным – адам танымының сыртқы негізін түзеді. Ал танымның ішкі бөлігін абсолютті таза, киелі рух көрініс алған ақыл-ойдың қызметімен байланыстырамыз” -деп танымның ішкі бөлігіне көбірек мен береді. Әбу Наср Әл-Фараби: философия мен дінді шендестіре қарастырып, екеуін бір санаттағы саналы білім деп танып, философияның басты ұстанымы-дәлел, діннің өзегі сенім деп тұжырымдаған. Иман, инабат, адамгершілік, ізеттілік, ізгілік іздерінің қайнар көзі діни танымда, дінде жатыр. Дін – адамның күнәдан тазару жолы, адамды адамшылыққа бастау, тәрбиелеу жолы. Құран-адам бойында адамгершілік қасиеттерді дарытатын асыл мұра. Әдепті инабатты, шындықты, адалдықты қастерлейтін қазына. Қазақтың бір ақиқаты дәлелденген болса “Құран атсын” -деп, істі қарғануы тегін емес қой. Қазақ баласы дүниесі таза, ар-ождань пәк, арлы адамды “Иман жүзді” “Аузында алласы, қолында құраны бар екен деп құрмет тұтады. Немесе “Ал жаяу шоғбатун мин-ал-иман». Аристотелден кейінгі Ұлы ұстаз мұрасында адам тәрбиесіне де қатысты құнды дүниелер жетерлік. Оның құзар шыңы- Туран топырағына ІЗГІЛІК ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ дәнін сеуіп, оның ғылыми негізін салып, практикалық бағытын көрсетіп бергендігі болып табылады. Осы тұрғыдан оның Әлемдік Ұстаз мәртбесіне сай тарихи ролі жоғары бағаланғаны белгілі. Сондықтан да, ол ойшыл ғұлама ғана емес ғұламалардың әлемдік ұстазы, әлемдік абызы атанды. Ол, иманипедагогика аталатын педагогикалық ілімнің төлиесі.

Әл-Фараби жаңа философиялық түсініктер орната отырып соларға сай нәтижелерге жетіп отырды. Бұл нәтижелердің көрінісін дінде, діни заңнамаларда, саясат пен ғылым салаларында байқай аламыз. Бұл енгізілген «жаңашылдықтарда» әл-Фарабидің философиялық принциптері мен философиялық көзқарастарының ен алғашқы бастауы ретінде дін қаралады, әрине дін бұл жерде ерекше философиялық ғылым ретінде қаралды. Дін мен философия сонау софистер заманынан бері бір-біріне қарсы қарастырылып келді. Сократқа тағылған айыптардың бірі оның діни құндылықтарды

мойындамай, онымен санаспауында еді (яғни, ол философияны діннен жоғары қойды). Әл-Фараби философия мен әлеуметтану, саясат, педагогика, этика, диалектика және саясат мәселелеріне қызығушылық танытты. Ойшылдың идеялары өз заманынан озық болды. Оның жұмыстары әлі де өзекті. Әл-Фараби әлемдегі барлық нәрсенің 6 деңгейге бөлген. Олар бір-біріне тығыз байланысты екенін айтқан. Бірінші кезең — барлық нәрсенің тууы. Екінші кезең барлық заттың пайда болуы. Үшінші кезең Ақыл-ой немесе дамып келе жатқан ақыл. Төртінші кезең — жан. Бесінші кезең пішін (форма). Ал алтыншы -материя. Бұл алты кезең адам және қоршаған ортаның пайда болуына әсер еткен деген философиялық ой. Осыларды ескерсек, әл-Фарабидің тәрбиелік ілімінде философия, педагогика, дін үшеуі ошақтың үш бұтындай бірі-біріне иық тіресіп жымдасып тұр. Жәй ғана қарасақ имандылыққа баулу қазақ ілімінің тереңдегі тұғыры тәрізді сезіледі. Ал Фарабидің дәуір деңгейімен қарасақ Иманипедагогика ғылымын бағдарлай аламыз. Фараби бабамыз иманипедагогиканың төлиесі. Себебі, әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеялары теориялық дәрежесі жағынан кез келген педагогикалық ілімге бастапқы негіз бола алады, әсіресе оның күллі адамзат қауымдастығының жиынтығы ретінде ұлы қоғамды суреттейтін *ізгілік тұжырымдасы қазіргі педагогиканың жетекші идеясы болып отыр. Әл-Фараби өзінің осы тұжырымдарын ары қарай ғылыми жетілдіре келіп, түркі халықтарының тәлім - тәрбиесінің негізі болған үш түрлі ілімнің: бірінші - хауас, хауас салим хауаси хамса заһириди (түйсік, ішкі бес сезім және сыртқы, бес сезім), екінші - Имани гүл (үш сүю), үшінші – Жәуан-мәрттік (ақыл, әділет, рақым) мәнін түсіндіреді. Фарабидің педагогикалық әрекеті: **ӨЗІ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІН ТҰЖЫРЫМДАҒАН, МОРАЛЬДЫҚ-ЭТИКАЛЫҚ ІЛІМІНДЕ, ПАРАСАТТЫ АДАМ (ИНАНИ ФАЗЫЛ) ТУРАЛЫ ТАНЫМЫНДА ЖАТТЫ.***



2. Қазақтың ізгілік педагогикасының атасы



БАЛАСАҒҰНИ Жүсіп Хас Хажип (1020 ж. ш. - ө. ж. белгісіз) – ортаазиялық ақын, ғалым. Баласағұнидің бізге жеткен ең ірі туындысы – 1069 жылы жазылған «Құтадғу білію» («Құт әкелетін білім») дастаны. «Құтадғу білію» - XI ғасырға дейінгі түркі тілдес халықтардың қоғамдық ой-санасында орын алған рухани құбылыстарды тұтас қамтыған көркем шығарма, әрі адамдарды адамгершіліктің абзал қасиеттеріне баулитын этикалық-педагогикалық, саяси-философиялық трактат. Өмірі туралы мәліметтер аз

сақталған, философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан, Жүсіп Баласағұни бұл дастанын хижра есебімен 462 ж., қазіргі жыл санау бойынша 1070 ж. жазып бітірген. (18 ай бойы жазған) Дастанды “хандардың ханы” – Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 – 1210) негізін салушы Сатұқ Қара Бұғра ханға (908 – 955) тарту етеді (қ. Әулие Ата). Сол үшін хан өз жарлығымен Ж. Баласағұниға “хас хажиб” – “бас уәзір” немесе “ұлы кеңесші” деген лауазым берген. Қарахан әулеті билік жүргізген дәуірде ұлан - ғайыр өлкені алып жатқан осы мемлекеттің басқару тәртібін белгілейтін ережелер, сондай - ақ, қоғам мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын тиісті заңдар жоқ еді. Міне, елдегі осы олқылықтың орнын толтыру мақсатымен Жүсіп Баласағұни өзінің “Құтты білік” дастанын жазды. Демек, дастан белгілі бір мағынада елдегі Ата заң (Конституция) қызметін атқарған. Жүсіп Баласағұнидің дастанда патшалар мен уәзірлердің, хан сарайы қызметкерлері мен елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, тәуіптер мен аспаздардың, диқандар мен малшылардың, т. б. қоғам мүшелерінің мінез - құлқы, білім дәрежесі, ақыл - парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке - жеке баяндап шығады.

Ақын мораль философиясын арқау етіп, әділет, бақыт, ақыл, қанағат сияқты этикалық күрделі ұғымға мән береді. Оларға төрт кейіпкердің түрікше атын қояды. Күн нұры сияқты барша әлемге ортақ жылылық шуағын тарататын болғандықтан Әділетті - Күнтуды (патша) деп атайды. Бақыт пен байлық, молшылық, дәулет

пен мансап - шен мағынасын қамтитындықтан Бақытты- Айтолды (уәзір) деп Айға балаған. Өйткені дәулет пен бақта ай секілді бірде толысып, бірде ортайып, кейде тіпті кішірейіп адам баласының қолына қонбай кететін болғандықтан оны бақпен теңестірген. Ал ақылды Оғдырмыш - (уәзірдің ұлы), Қанағатты - Озғырмыш (уәзірдің кенжесі, қыз бала) деп атаған. Осылайша төрт кейіпкердің ара қатынасы бір - біріне сұрақ- жауап арқылы шешіліп, әр мәселе осылардың дүниета-нымы тұрғысынан алынып, автордың айтпақ болған идеясы барынша кең тұрғыда суреттеледі. Оның идеясы – адамдарды бақытты ету. Бақытты адамдар, өзге адамдардың өзі туралы не ойлайтынын уайымдамайды, барлығынан жақсылық көруге тырысады, әрқашан кеңпейіл және риза, осы сәтпен өмір сүреді, осы өмірдің бәрі кемел еместігін біледі, қоршаған ортаға өз үлесін қосады, үнемі жадырап, күлімсіреп жүреді, танып – білуін тоқтатпай, жалғастыра береді.

Дастанда негізінен тәркі дүние жолына түскендердің мұраты – бенделіктің кәмәлаттығын терістеу мен өмірге құштар ізгілікті көздеген камил нисан (толық адамды) мадақтау жағы басым жатады. Ж.Баласағұнидің «Құтты білію» поэмасы қазақ халқының иманипедагогика тарихында ерекше орны, қоғамдық саяси мәні бар, адамды жалпыадамзаттық құндылықтар аясында тәрбиелей алатын түрлі ережелер мен заңдарды әдет- ғұрыштар, әлеуметтік- экономи-калық, мәдениет және т.б. мәселерін өз дәуірінің талап- тілектері тұрғысынан жоғары дәрежеде көрсете білгендігі бүгінгі қоғамдық әлеуметтік педагогикалық сұраныс- талаптарына жауап беретін рухани құнды мұра деп бағалаймыз. Мұндағы төрт кейіпкердің үшеуін (әділет, ақыл, бақытты) Ж.Баласағұни адам баласының өмір бойы талпынып күресіп келетіндігін білсем, үйренсем, көрсем дегеннің бәрі ақылға, білімге, ал шындықты іздеу әділдікке тән қасиет екенін, сол арқылы жоғары мәртебеге жетіп, үнемі дарқын болашаққа ұмтылу, жаңаны, өзгерісті қажетсіну бақытқа тән қасиет екендігін түсіндіреді. Ал қанағатты бөліп қарастыруы- оны өмірдің бар қызығын қанағат тұтқан адамдықтың дұрыс әрекеті деп түсінуінен адамның адамдығын білдіретін негізгі үш қасиет деген пікірде болғанын көреміз. Ұлы данышпандар мен ғұламалар дүниедегі бір Алла, жаратушыдан өзгенің бәрін де баянсыз деп тауып, танып, өтпелі өмірден жұбанып етер өшпейтін, өлмейтін, баянды боп қалар тірек іздеген. Ол тірек *ізгілік деп танылып, ізгілік туралы түйінді ой тамаша ойлар*

Айтылған Ізгілік – адамдықтың негізі, әрі адамгершілік қасиеттерінің жиынтығы. Құт пен ізгілік – егіз ұғым. Құт пен бақтың бір жерде тұрақтамай, көшіп-қонған кезбе күйі заманына, адамына қарай қалыптасқан салыстырмалы, шартты түсінік. Көрген көз, естіген құлақ сөйтіп түйін түйген танымда жазық жоқ. Адамдық қасиет пен тірліктің шыңына шығып, басындағы бағын мәңгілік еткен адам аз. Содан да құт пен бақ өзіне жайлы орын таппай, ізгілік іздеп, шарқ ұрып кезбе атанған. Ал ізгілік-мәңгілік кепілі Жүсіп Баласағұн таныған кісіге түпкі ой-арманы ізгілік екенін байқатады. Дастанның аты «Құтты біліу» болса, сол құтпен бақты табатын білік – ізгілік.

Әр түрлі астарлы ойлар мен түсінігі тереңге тартып кететін түрлі таным тарауларын таратып бақсақ, тағы да сол ізгіліктің қасиетін тани түсеміз. Ізгілік – Ж. Баласағұнның ең басты айтар ойы. Әрбір кейіпкер өз аты мен затына айналған ұғым, қасиетті таныту қамында көрінеді. Айтолды – құт-береке, бақтың көрінісі. Оқиға мен әңгіме-сұхбаттың басталар тұсында Айтолды тірлігі тақуалыққа жақын еді. *Бірде өзін-өзі сөгіп қамыққан; Өнерін-мың қалдым оқишау халықтан! Неге мұнда бекер жүріп құрайын...* Оның бетін бұл өмірдің ісіне қаратқан – Құнтуды бектің ізгілігі. Құт-береке, бақ бейнесіндегі Айтолдыны тәңті еткен бек сарайы емес, оның ізгілігі. *Келіп жетті Елік тұрған ордаға, Ақыл-ділі күткен тілек орнына. Есігіне табынғалы келдім мен, Қызметіне өзімді арнап бергім кеп.* Дастандағы ізгілікке құштарлықтың басы осы. Халықтың соншалық құдіретті, киелі көретін құт-береке, бағы – ізгіліктің құлы екен. *Қызметшімін, босаға-орным, атып-құл, Ісім – қызмет, кісілікке жақынмын.* Құнтуды бек – ізгілік жолында жүрген адам. Айтолды да бек бейнесіндегі ізгілікке құштар. Айтолдының Құнтуды бекке көрсеткен қызмет, ықыласты көңілінен құт-берекенің ізгілікке қонатынын ұғамыз. Құнтуды бек те Айтолды мен оның туыстарын ізгілікті құрайтын адамгершілік асыл қасиеттері үшін қадірлейді. Әңгіме-сұхбат барысында да ізгілікке іңкәрлік жиі айтылады. *...Ізгі жүрек ізгілікке бұлқынар, Асыл текті тазалыққа ынтызар... Ізгілікке іңкәр адам баласы, Ардақтаймын, болса кісі сарасы... Кісі көңілі ізгілікті ұнатар, Үмітпенен өзін-өзі жұбатар.* Дастанның құрылымында символдық сипат ерекше орын алады. Әділет бейнесіндегі Құнтуды – ізгіліктің сақшысы. Оның бек, Елік сипатында келуі құт-береке, ақыл-ой, қанағат-рақымның ізгілікке кіріптар, ізгілікке құштар екенін көрсетеді. Ақын ізгілікті бек бейнесінде алу арқылы оның

мәртебесін биік етіп отыр. Дастандағы ізгіліктің қадір-қасиетін танытар көркемдік бір дәлел осы. *...Жерді өтті де, Айталды түрегелді, Әділ төре өзіңсің, демер елді! Ұлық болдың – жасың ұзақ болғай-ды, Ізгіліксің – басың есен болғай-ды.* Ізгілік пен бек бір-бірінен туындап, бірінен екіншісі танылатын туыс ұғымдар. Құнтуды бек әрбір іс-әрекеті, ой-ниеті, сөзімен ізгілікті танытады. Сондықтан да бекке көрсетілген көл-көсір құрмет, риясыз көңілден ізгілікке деген сүйіспеншілікті ұғамыз. Ақын қолданған көркемдік әдістің шешімі осы. Ізгіліктің бек бейнесінде келуі – сол кездегі үш ірі танымның тоғысып, түйінделген тұсы. Шарифатты ұстанған ислам дінінде патша Құдайдың көлеңкесі саналады. Құдайдың көп есімінің басым көпшілігі рақымды, сүюші, қамқор, ізгі дегенге саяды. Сопылық танымда да жүректің, сүюдің қасиеті ерекше көрінеді. Сүю – ізгіліктің белгісі. Әл-Кинди, Әл-Фараби, Ин-Сина, Ибн-Рушди еңбектерімен байланысты көрінетін ғылыми таным да жан сырғына үнілу арқылы негізінен ізгілікті насихаттайды. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін *қара қылды қақ жараттындай әділ заңның* болуы. Екіншісі, *бақ - дәулет, яғни елге құт қонсын деген тілек.* Үшіншісі, *ақыл – парасат.* Төртіншісі, *қанағат - ынсап мәселесі* [1].

Жүсіп Баласағұнның қоғам туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеуметтік философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, “Құтты біліктің” төрт кейіпкерінің бойына жинақталған. Білімге мольнан сусындаған адам ғана көп нәрсеге қол жеткізе алады. Оның пікірінше, білім – даналық, денсаулық және жан толысуы. Жүсіп Баласағұнның ойынша, қоғам құрылымындағы кемелдіктің өлшемі әлеуметтік тәртіп бұзылғанда ғана көзге түсе бастайды. Сол кезде жаңа мұраттар мен ұрандар пайда болып, халық қолдауына ие болады. Ол қоғамдық құрылымның кемелдігін жеке адамның бостандығы, тәуелсіздігі анықтайды деп санады. Ол өзінің әлеуметтік философиясында қоғамдағы кемелдіктің негіздері мен іс жүзіндегі көріністерін өзара тығыз байланыста қарастырады. Жүсіп Баласағұнның өз еңбегінде зердеге айрықша тоқталған. “Құтты білікте” ол, ең алдымен, даналық яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен қабілеттер мен кейінгі білім жинақтаудағы адамның өз ролі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу, т. б. мәселелерді қарастырады. Ойлау қызметі тек адамға ғана тән, жануарларда жоқ қасиет деп біледі ол. Егер сезім

алдамшы болса, онда оған толық сенуге болмайды, ал ақыл, зерде арқашан адамға қызмет етеді, оның жалғандығы жоқ. **“Құтты біліктің” негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты, құтты ету.** Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақын-даған асыл жан. Дастан оқырманына құт - берекемен, бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы “өзіңді сақтау”, “өзіңді ұмытпау” қағидасы адамның адам-шылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең толғанады. Оның ойынша, өкініштің ең ауыры өлшеулі өмірде дүние қызығы мен тән тілегі жетегінде кетіп, діл тазалығын сақтай алмаудан туады, сондықтан адам өзінің кісілік қасиетімен бірге өмірдің өткіншілігін де ұмытпауы қажет. Мұнан өзге Жүсіп Баласағұнидің шығармаларында ізгілікке құштарлық пен інкәрлік, сопылық танымдағы Алланы сүю, әлем мен адам сырына терең бойлауға ұмтылушылық белгілер тән. Ол үшін адам баласы — дүниедегі ең басты құндылық. Адамды жаратушы Алла тек оны ғана емес, ай мен күнді, күн мен түнді, аспан мен жерді, дала мен тауды, қол мен елді де дүниеге әкелді, бірақ тек адамға ғана теңіздейін телегей ақыл, білімге бой ұрдырар зерде, қайырымды іс қылдырар ар-ұят пен намыс сыйлады. Баласағұнның ойынша, ендігі міндет — осы адам деген атақты жоғары ұстау, оған сай өмір сүру. Ол өмірді адамға Алланың берген қарызы деп түсінеді, осы өмірді мәнді кешкен адам ғана қарызын қайтара алады. Ойшыл ғалымның айтуынша, егер адамда ізгілікке қарсы тұратын белгілерді жеңетін күш жоқ болса, онда ұнамды сапалар жойылады, жоғалып кетеді. Бұл құндылықтар мен олардың қарама - қарсылықтарының халықтық түсіндірмесі мыналар: біріншісі – ақыл, оны ашулану, өшігу күңгірттендіреді; екіншісі - достық, оны күншілдік бұзады; үшіншісі - ұят, оны тойымсыздық, ашкөздік жояды; төртіншісі - жақсы тәрбие; оған нашар орта әсер етуі мүмкін; бесіншісі - бақыт, ал оны қызғаншақтық бүлдіреді. ...Жүрсін бектер бес нәрседен алыстап, Есі болса, жұрнақ болса намыстан. Ұшқалақтық - бір, екіншісі - сараңдық, Үшіншісі - ашу, оған егіз надандық. Қырсығың – сор, бетті жер ғып жүргізер, Бесіншісі - өтірік, жерге кіргізер. Бек бесеуден бойын аулақ ұстасын, Білсін сонда басынан құс ұшпасын. Ең қорлығы – өзімшілдік, зальымдық, Олар жұқса, азғаны тек қаныңның, - деген үзіндіден адам бойындағы ғұлама көрсеткен

адамгершілік, асыл қасиеттер мен азғындық жолға түсірер жағымсыз қылықтарды айтады. Қай заманда болмасын, заманына қарай жеке тұлғаның болмысын қалыптастыру туралы ойлар мен пікірлер көпшілікті толғандырып келгені рас. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы кемелділік, мінсіз адам бейнесі тәрбиенің ең жоғары көрсеткіші ретінде қабылданып, қоғамда жоғары жауапты міндеттерді атқаруға лайық деп танылған. Дастанда автор: **«Адам жайлы баяндайын енді мен, Қадір тапқан ақыл, білім, иесімен»**, - дейді. Адам баласы жаратылысынан ақылды, білімді болып тумайтынын білеміз. Бұл қасиеттер адамға еңбек арқылы келеді. Отбасындағы тәлім-тәрбие, қоршаған ортада болып жатқан жақсы-жаман құбылыстар, қоғамдық құрылыс, халықтың әлеуметтік жағдайы – осы факторлардың бәрі де адам баласына әсер етпей қоймайтыны шындық. Ал, осы толып жатқан жақсы-жаманды құбылыстарды ажырату үшін біріншіден, негізі мықты қаланған тәрбие мен білім қажет. Сонда ғана жұмыр басты пенде ақылмен, оймен, парасаттылықпен жақсы-жаманды ажырата алады. Заң алдында бәрі бірдей мен үшін, Көсем әділ. Болмайды ешбір келісім. . . Біл, әділ заң – басқарудың тұғыры, Бегі әділ ме?! Берік елдің жұлыны! Бек елінде тура заңды ұстаса, Бар тілекке жетер қолы қысқасы. Осы қағида орындалса қоғамда, әділдік орнап, демократия өмірде салтанат құрар еді.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі» филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубайқызының «Ежелгі әдебиетінде» анағұрлым кең аумақта талданады. Алма Қыраубайқызы «Құтты білію» дастанын: «Адам. Оның кемелдену жолдары. «Кемел мемлекет» арманы» деп қарастырады. Жүсіп Баласағұнның ойынша, адам баласының қадір-қасиеті білімі мен ақылында. Бұл - адамның жетіліп, кемелденуінің алғашқы жолы. Ғылым іздеу - мұсылманның бір парызы. Ақыл қайда болса, ұлылық толады, Білім кімде болса, сол білікті болады. Тілдің пайдасы мен зияны бірдей екенін білу. Көп сөйлеме, аз айт бірер түйірін, Бірер сөзбен шеш түмен сөздің түйінін. Нәпсіңді тый, сабырлы бол, шарап іште: Ішімдіктен мал-дәулетің шашылар, зинақордың ар-ұяты ашылар. . . «Құтты біліктің» ең негізгі көтерген мәселесі - адамгершілік. Адамгершіліктің сан саласы бар. Оның бірі - тілді тыйып ұстап, орынды жұмсай білу. Тіл екі жүзді қанжар. Тілден бақ қонады, тілден бас кетеді. Тіл арыстан есік баққан ашулы, Сақ болмасаң жұтар, ерім басыңды!

Адамгершіліктің тағы бір көрінісі - білімде. Өйткені білімді адам - ақылды адам. Ақыл түнектегі шаммен тең. Туындыгер сонымен бірге адамгершілікке қарама-қарсы қылықтардан сақтандырады. Олар: жалған сөз, екі сөйлеу, шарапқұмарлық, жүгенсіздік, зымияндық, сараңдық, ащы тіл. Міне, бұлар - кісіге құт әкелмейтін ең нашар қылықтар. Жалпы ақын адамның кемелдену жолдарын айқындайды. Оның барлық көріністері өлең жолдарында айтылады және оның сапалық белгілері түйінделген. **Баласағұнның ойынша адам баласының қадір қасиеті-білім мен ақылда. ...Ақыл қайда болса, ұлылық болады. Білім кімде сол білікті болады. Ізгілік адамзат үшін ең қажетті қасиеті. Елдің басышысы ізгі болса, халқы да ізгі болады. Ізгілік-оң, ессіздік -сол, жүзің -ар, оңың -ұрмақ, салың-тозақ, біліп ал. Даңқ пен дәулетке шаптанба, ал бір орында тұрмайды. Бір орында су, сөз, дәулет тұрмайды. Жиһангерлер жүре бермей тынбайды. Әділеттің жалын қу, шыныыл бол. Әділ болсаң қараға -ақ, аққа жақ. Ұрпақтарың жақсы атыңды сақтамақ. Сараңдық пен ашкөздіктен аулақ бол. Қиды терген сарық қоңыз сияқты, Сараңдықтан асқан не бар ұлтты. Иттердің басышысы арыстан болса, иттер де арыстандай күркірер, ал арыстандардың басышысы ит болса, иттің тіршілігін қылар. Тексіз кісі уәзір бола алмайды. Бек қандай болса, уәзір де сондай. Жаман-жақсы табыспайды ешқашан, Түзу-қисық қабиспайды ешқашан. Намысшыл ер бол. Намысшыл ер жаудың исін басады, Намыссыз ер жер бауырлап қашады. Өз пайдаңнан зөрі, ел пайдасын ойла. Қайырымды бол! Адам ба адам өз пайдасын күйттеген. Адам нағыз ел пайдасын дінттеген.**

Ж.Баласағұнның педагогикалық ой-пікіріндегі негізгі бағыттың бірі – адамшылық, кісілік мәселелері. Оны мына «Құтты біліктегі» Айтолды уәзірдің ұлы Өгдүмішке айтқан сөзінен көруге болады: ...Білу керек ұят пен ар намысты-Арлы болсаң алдыңа ашық қарарсың. Арыңды ашсаң араңдалып қаларсың, Білім, мінез-байлығың да ырысың. Кішік болсаң жұртты көзге ілгейсің, Өзіңе деген кісілік-тірліктің белгісі, Кісілерге кісілік – кісіліктің белгісі, деген және т. б. нақылдарында әр адамның бойында бар ар-ұждан дауысын ажырату және ести білу қабілеттерін оятуға, күнделікті өмірде дұрыс әрекет ету қасиеттерін дамытуға және жүзеге асыратын ойларын, сөздерін және іс-қимылдарын реттеуге талпыныс болу қажеттігін айтады.

Қазақ ұғымында, олардың түп тұқиянынан бері жалғасқан жас дәстүрі-КІСІЛІК және КҮРЕСКЕРЛІК. Кісі деп белгілі бет бейнесі бар, күш қуаты, ақыл ойы толысқан, қазақша ойлап-сөйлеп, қуанып-мұңая алатын, сүйіп-жирене білетін, көңілі асқақ, көкірегі ояу, көзі ашық – ұлт өкілі. Дәлірек айтқанда қазақтың ұлт өкілін дайындап, беретін арнаулы тетікте еңделген – адам. Қадыр Мырза Әлі атамыз: «Кісілік кісі таңдамайды. Ол қой бағып жүрген қатардағы қазақтан бастап, ел басқарып жүрген елеулі азаматтарға шейін, бір де біреуін жатырқамайды. Бірақ ол екінің біріне бұйырмайтын, адамның адамына ғана, соның жүрегіне ұя салатын қымбат қасиет. Ж.Баласағұн бабамыз: «Десең өзің қадір-құрмет табайын, Кісілерді қадырлей біл ағайын. Білгің келсе кісі әсілін анықтап, Көңіл, қылық, тіл-бұл істі танытпақ. Кісілікке кісілік еткен-ер кісі. Ақылды-есті-кісілердің кісісі, Білімділер-кісілердің кішісі.» Билер антындағы: «Кісілікке қайшы іске қарап тұрмау, Кісілікке қайшы сөзге бас шұлығымау, Кісілікке қайшы былдыққа батпау, Кісілік қасиетті ақтау, күдіретті баптау» Қазақ дүниетанымындағы «кісі» сөзінен «кісілік» ұғымы туындайды. «Кісілік» деген адамның намысы, өзіне-өзі жасайтын құрметі, өзін-өзі сыйлауының белгілі бір деңгейі, кісіліксіз адам-тағдыр тәлкегіне түскен-мүсәпір. Кісіліктен бір айырылып қалған сананың ендігі жерде өз-өзіне келіп, толысуы екі талай іс. Адамдар басқаның көңілін табамын деп жүріп «кісіліктен» айырылып қалуға болмайды, өйткені, **«кісілік» адамның өзегі, оны жетілген адам дәрежесіне көтере алады** Кісі-кісілік қасиетімен анықталады. Кісілік қасиетті Ұлы Даланың Ұлық ұстаздарының қай-қайсысы да саралап көрсеткен. Соның ішінде Ж.Баласағұнның орны ерекше. Айталық, Ұлы Ұстаз: **Кісілік-адамгершіліктің негізгі тұтқасы, адамшылықтың биік шыңында тұратын құнды қасиет. Адамды адам етіп құрметтеудің, бағалаудың белгісі ретіндегі сапалық көрсеткіші,-деп көріп, кісілікке тән сипаттарды былай бөліп көрсетеді: «тіл-адал сөйлеп, шыындығын айту; әділет-әділдікті сақтау, ар-намысты қорғау; жомарттық – қайырымды, кеңпейілді, ақжүрек және қол кең болу; қайсарлық-елін-жерін қорғау, жаудан сақтау.»** Ж.Баласағұнның адамның бойындағы кісілік қасиетін жоғары қоя отырып, кісі-ділі, тіні, негізі-кісілігімен ғана Адам деген құрметке ие екендігін ашып көрсетеді: **«Кісі екенсің, тінің сенің-кісілік, Кісілерге адамдық ет кешіріп... Кісілікпен танытасың затыңды, Кісілікпен шығарасың атыңды. Кісілерді кісі еткен кісілік, Кісілікпен аты шығар**

кісінің..Кісі ізгісі-қайрымды кең кісі, Ел сарасы, кісіліктің белгісі...Әділдік –құт. Құт құрығы- кішілік. Әділдіктің заты- тұнған кісілік. Елдіктің өзегі-білік, кілті- тіл, қадір- қасиеті- кісілік.

Ғұламаның «кісіліктің» мәнін ашып көрсету бойынша айтқан даналық тағылымдары тым терең, әрі құнды. Текті жанды –Кісілікке жеткізу үшін-кісіліктің әліппесі ретінде Ж.Баласағұни ілімі бағалануы тиіс. Адам баласының адамгершілік қарым-қатынасындағы атаға, руға, ұлтқа бөліп, адамдық асыл сезімдерге жол бермей, күндестік, бақталастық, дүние таластықты тудыруға, әдепті бұзып, адамгершілікке қиянат көрсетіп, қылмыс жасау текті сыйламаудан, адамдық қасиеттерді қастерлемеуден туындайды. Ж.Баласағұни тектілікті тұқым қуалаушылық шеңберінен шығарып, адамгершілік асыл қасиет деңгейіне көтереді. Ол тектіліктің тұқым қуалау арқылы да адамның бойына тарайтынын жоққа шығармайды. Оны мына ой-пікірлері дәлелдейді: *Елік ойын мәтелдеді, балады: «Текті ердің текті ұрпағы қалады!». Тегі жақсы болса, жақсы адам да Жақсыларды құрмет тұтар аманда. Ізгі жүрек ізгілікке бұлқынар, Асыл текті тазалыққа ынтызар. Ізгілікке іңкәр адам баласы, Ардақтаймын, болса кісі сарасы. Кісі көңілі ізгілікті ұнатар, Үміттенен өзін-өзі жұбатар.* Ғұламаның данышпандығы тектілікті тәрбие арқылы қалыптастыруға болатын тұлғалық сапа ретінде анықтауы болып табылады. Оның негізгі мәні-«әкеңді сыйласаң, атаңды құрметтей білесің, бабаңды қастерлеп, бабаның өнегесін орындайсың да, еліңе елеулі, халқыңа қалаулы, бүкіл адам баласына лайықты әрекеті мен әдептілігі бар жан екендігіңді танытасың» деген ой-түйін: Текті атаның баласы туыс іздейді, Тексіз атаның баласы ұрыс іздейді. Асыл болса кімнің ата-тегі егер, Одан елге пайда тиер, сене бер! Тексіз кісі уәзір бола алмайды. Тәрбиенің жетекші роліне сүйене отырып, тек-адамдық қасиет, өйткені әрбір тұлғаның тегі-Адам, сондықтан оны тұлғаның бойында қалыптастыруға болады деген тұжырым жасайды: «Бектер сөзі тілді буып алмасын, Текті сөздің тек әділін арнасын...Ізгі іс істесең-текті тірлік сүргенің, Жауыздығың-көрге тірі кіргенің.»

Ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән беру адамгершілікке жетелейді. Кең байтақ өлкемізде буыннан-буынға жалғасып, ұяттылық, әдептілік, имандылық, көрегенділік, мейірімділік, шарапаттылық ізетпен ілтипат танытып отыру – әдеп нормалары, ұлттық тәлімнің ең көкейтестісі. Міне, сол қымбат қасиеттердің бәрі от басы, ошақ қасында басталады. Жүсіп Баласағұн от басы, бала

тәрбиесіне көп көңіл бөліп, оның ішінде қыз баланың сырт көзден таса күтімін қадай айтқан. Бұл дәстүрлі қазақи тәрбиеде: «Қыз бала өзіне-өзі үкідей қызғануы керек. Үкі түскен түгін де қызға-нып көміп тастайды», - деген ұғым-түсінікпен үндеседі. Жүсіп Баласағұн әйел баласын төрт түрге бөледі. Олар: сұлу әйел, атақты әйел, бай әйел, адал жар. Сұлуды алған ер-күйеу емес, күзетшіге айналмақ - «Сұлу алған жолдасынан айрылады» деген мақалмен сәйкес келеді. Атақты әйелді алған атағына телінеді. Бай әйел күйеуін де меншігім деп қарайды. Ал, адал, ақылды жарды алған ер қолына байлықты да, бақытты да қондырады.

Жүсіп Баласағұни өзі туған түркі дүниесі халқының салттарын, әдет - ғұрыптарын, дәстүр-лерін жақсы біледі, оның рухани өміріне тереңдей енді. Қандай да бір ұлы педагог секілді ол энциклопедист-философ, психолог, тарихшы, этнограф, болатын. Тәрбиенің теориялық негізін: «Кімде-кім ел-жұртынан алмаса тәлім, оны үйрете алмас ешбір мұғалім»-деп түйіндеген. Ізгілік тәрбиесінің түйіні - әр кісіні де ізгілік жасауға үгіттеу. «Құтты білію» дастаны адами өмір – ізгілік жасау екенін ұқтырады. Өмірдің мәнді, өлімі өкінішсіз болуы ізгіліктен. Адамның өмірден табар қызығы біршама көп болса да, соның ең өзектісі, нәрі ізгілік екен. Адамның тірліктегі көп қызықтан көзі қарғып, алдамшы дүние мен баянсыз байлықтың жетегінде кетпей, ізгілікті жол етіп ұстануы –қасиеттілік, адамның адамдық ерлігі. Ақынның негізгі ойы– осы ізгілікті жол ету. Яғни **адамзатты ізгілікке шақыру адам, өмір, ізгілік – үшеуінің бөлінбес бірлігін таныту**, сөйтсе де ізгіліктің орны өзгеше. Себебі адам да, өмір де өз күйінде ізгіліксіз қасиетті де құдіретті көрінбейді. **Адам атын, өмір мәнін сақтаушы – Ізгілік.**

Ж.Баласағұнның жұбатар ұлағаты көңіл жадыратар ақиқаты басым сөздерден, толғандырар ойлардан, рақымы артық мінезден, жәннатқа жол ашатын тілектен, дәулет құратын қылықтар мен істен, адамның өңін кіргізетін әдет-ғұрып керуенімен таныстыратын, адамды өзімен табыстыратын кеңестен, естілер мен елді түзететін ұстанымнан құралады. Кемел қадір - ұлылық иесінің құзырлы мәзірі. Ұлылық - сен, толы құдірет-күш ексең, Сенен бөлек жоқ өзіңмен түсер тең. Жаратушы - бар әлемді өзіне жай санаған дара, дана, сара, қос дүниені анық қолға қаратқан, әркімнің көңіліне жақын танымал. Мұңлық ием! Мен бір мұңлық құлыңмын, Күнәмді кеш, мейіріңе жылындыр! Мұңы жоқ Жаратушы ғана кешірімді, мейірімді. Жаңа заманда жаңылғандар түмен еді. Беделді абырой иесі ұрпақ қамын

жегендердің бірегейі, жас ұрпақты жаңсақтықтан сақтамақшы үміткердің ұлағаттысы. Қыңырлықтың кездесуі тегін емес. Қыңырлық ессіздіктен, білімсіздіктен, надандықтан туындады. Ессіздіктен тек жауыздық туады, Ал жауыздық, ізгілікті буады. Білімсіздер біліктіге қастық қылды, жау болды. Көңіл қалды туыстан да, жаттан да, Бауырың - жат, құлқы жаман қастан да! Надандық - көңілдегі көрсоқырлық, олқылыққа ғана емес, зұлымдыққа оттық. Надан - мылқау, көкірегі көрсоқыр, Көзі ашылар - соқыр-мылқау болса оқыр. Көңілі соқырда олқылық пен олақтың күйі асқындады. Жалғыздықта жүдеген кезде ақын: Сенер кісі таппай, жалғыз жүдедім, Мұңым меңдеп, тек сүйініп күлемін! дейді. Ессіздікте сұмдар сумаңдады, арамдар қаптады, зұлымдар елде жайлады, бүйірден тепкілеуден елазды. Ақынның жанына батқан мазасыздық осында. Арам біткен жапты жұрттың көңілін, Адалдықты қайдан таптым, ей ұлым! Арамның жаны қара. Есердің сөзінің пәтуасы жоқ. Өзімен ызалана алысқан, пұлға бірден сатылған. Аманатты мүлде ұмытқан, жападан-жалғыз адасқан. Жатбауыр суысып туысты сегеді, жала-жабада бөгеді, сұмдық ізін өшірмейді. Арамның аранын тыйғандар шамалы, ішкі азғындарға ашық қарсы тұратындар қалмады. Ішкі осалдық пен тұйықтықта: біріншіден, Зұлымдардың қолы елді жайлады, Момындардың жолын жоқтық байлады! Кетті әділдік, сұм-аярлар арбады, Құдайшылық сұрар кісі қалмады! Не демелік, құлқы жаман зұлымның күші күннен-күнге кері кетеді, айтеуір кенет үзіледі, қарғыс табады. Елдің тағдырына қысылтаяң төнген кезде Ж.Баласағұн сынды ойшылдар: Ел неге азды? Заңды қалай түзедім? Қай заманға келдім, қалай жүремін?! деген сұрақты өзіне де, өзгеге де қояды. Өзі қатты мұңайып күйзелгенде шаһар, ұлыс, жұрттан безіп кетейін бе десе, енді бірде «жапа, сұмдық маңын аттап баспайын» деп құлазиды. «Байлық үшін жұмсамайтын амал жоқ. Бірақ дүние кұған түбінде не болады?! Дегенмен түңілмей: «ізгі іс етсең - текті тірлік сүргенің», ал олқылықтағы «жауыздығың - көрге тірі кіргенің». Көкірегі кір, көкірегі соқырдың қылығы ұрыс-керісті, ақырында азап пен мұңды үдетер. Көкірегі кір, тіпті тексіз, бетсіз, жалпы адамдыққа самарқау келер деп қынжылады. **Білімділікке жән - істе сергек болу, оған демеушілік ету, есті сөзді еске түю, қайырымдылыққа бейім тұру. Өмір мен өнердегі арың үшін, өнімді ісің, өтімді уәжің үшін күресу - жақсы мен жарастықтың мәніне жете алу.** Биік еңсе қателіктен құтқарады, шындықтан шеттетпейді. Ақын Ж.Баласағұн - өршіл заманның

жанашыр, парасатты сыншысы. Сабырлы сыншының көргені, түйгені мол. Оның пайымдауынша, білікті ойда адамзаттық, халықтық, кісілік мәселелер әр қыры мен сырынан қарастырылады. Білімдінің ойы есті, сөзі оңды. Тірлік сабағын түйген ойшыл тығырықта сөзін өрген, ойын терген, жан серігіне ерген, игілерді көрген, өмірден сенімділерді іздеген. Ол мінеудің есерінен аулақ болды, адамның жеке өміріне қол сұқтады, адамның мінін қазбалауды емес, оның жетістігін, жақсылығын көре білуді мұрат тұтты. Ақын осылайша өзін бір деңгейде бейнелегендей, тұлғалықты сомдағандай. Жеке адамның мүддесі үшін қызмет жасамай, қара дүрсін саясаттың сойылын соқпай, дастанын әдеби-теориялық және ғылыми негізде жазды. Ол сөз, ой, тіл қызметін салыстыра отырып, сөз бен тіл өнеріне жүгінді, сөздің қорын байытты, тілдің байлығы мен қаламгер тілін сақтады, оқырманның көркемдік талғамын тәрбиелеп бақты. Жағымдыны жалғастыру, жеткізу, жаңғырту, жетілдіру - тілек, ниет және үміт. Үшеуі де сана сәулесі - сөз бен білім үлесінде. Ойшыл - жалғыз, жалғыздыққа не тән күресінде? Оның тәттілігіне ойға берілу, оларды қағазға түсіру, көкірегі ояу, көзі ашық жандардың санасына сіңіру үйреншікті, халық мұратын ұлықтау лайықты. Біліктіні тыңда, ақылдың бұлағы, Білімді сөз - шырын, жанның құнары. Біліктінің расы: Қалар мұра - сөз, кісіден кісіге, Сөзді мұра тұтсаң, пайда ісіңе. Тауып айтылған сөз өнердің жүйрігі, шырайлы өңнің шуақты нұры. Сөз білгеннің еңбегі еш қалмас елеулі, жұрт жадына ыңғайлы, адамға пайдалы ружани қазына. Ой жарығы істі оңдады. Маржан сөзді дер кезінде ұққан өзін түзеген. Өзіне-өзі ықпал ете алмаған кезді еске алған ақын: Қайран, жастық, қайран, отты күндерім, Тұта алмадым, қадіріңді білмедім! , деп өкінішін жасырмайды. Альп ұшқан жастар тілді күзете, істің қисықтарын түзете алмады. Тіл мен сөздің қымбатын ұқтады. Тілдің ұшынан шыққан ой сөзден де ұшқыр. Білім адамның пейілін тазартты, тіршіліктің түйткілдерін шешуді үйретті, өмірдің жолын ашты, ұлылықты ұстартты, қадірі мен мәртебесін көтерді. Ақылды - ұлы, біл, білімді - білікті, Екеуі ұлы етер, қонса жігітті. Білікті адам жақсылармен араласып тезірек жетілді, бектер мен даналар арасында өмірдің мол асылына қол жеткізді, халыққа бас болды, әділдік жолында елді биледі. Сол үшін қылық пен құлық тініне әрдайым үңілді. Бекзат болмыс жаңаруда, жамандыққа ұрынбауда шыңдалды. Білім адамға күш береді. Білікті күшті адам. Адам біліктен күш табады, ер біліммен басын альп жүреді. «Білікті оймен

алаңдар, біліксіз тура шауып арандар». Білімсіздің көңілі - құм, құнсыз шөл. Өзіне әділден ғана әділ үкім күтуге болады. Білікті аларын көздейді, жалғандық пен алдауға төзбейді. Сүйтіп елді түзетті. Білікті сенім кереметін ұғындырады, ойдың қымбатын, шын ақылдың қиынын ұғады, туған елдің, өскен жердің рухани байлығының қайнаркөздерін сезіндіреді. Білікті нәзік ойын, дана сөзін кестелер, ел айтқанын ескерер, жарандармен жақындасса қуанышқа бөленер. Билей алсаң - ақыл, білім, жүректі, Орындадым де қасиетті тілекті. Білім берген ақылдыңның адамға көзі ашық, көңілінде мейірім. Ақылдан шыққан сөз ұшқынды, салауатты, сәулелі, сыйлы, мейірімді, шындықты түптейді. «Ақыл көркі - тіл, тілдің көркі - сөз, Кісі көркі - жүз, жүздің көркі - көз». Кісі көркі - ерге ізгі, еліне өтімді сөзде, тартымды пайымдарда, Ақын, ойшыл Ж.Баласағұн заман елшісі, ел-жұрттың басы, көзі менен қасы. Өзің жақсы болсаң, атың мақталар деген қағиданы бетке ұстаған гуманист ақын ойын ағыла айтады, арнап қадала айтады. Біз қосарымыз: 1) достарға ықылас арнаулы, жақынға ынта таңдаулы; 2) таңдаулы ынтада - ниет те, ойдың мәні де, тоқтамның түйіні де түзу болмақ. Озат идеядан, гуманистік ұстанымнан, адамгершілік нұсқаудан терең де жүйелі тоқтамдар туындады. Кейбірін еске салалық, зерделеп көрелік: Ішке біткен қылық парызды өтеткізе ме, әлде қарызды көбейте ме?! Ащы сөздің жалыны жаныңды қабар, жүректі орап алар. Жамандық күйдіріп өтеді. Не қауіпті? Тілдің жалған айтқаны ма, әлде айтқан сөзден қайтқаны ма?! Құт білікпен безенген жамағат - тіле қанағат. Жұрттың иесі - ризығыңды жақтасаң, зұлымдық сиқын татпайсың. Қатыгезге не деп, қалай көңіл бұрасың? Мұндайда өмірдің қояр талабы: Бауырмалды іздеп тап, жақын тартып оған жақ. Тірі жанды аш қалдырмаған, өзегін талдырмаған. Даналар - елдің асыл тектері және бектері. Ел ақылды ердің пайдасын көп көрер. Қалаулыға құдірет жетеді, талапкер өзін ұлы етеді. Ұлылық - мәнге деген ұғымталдықта, біліктілікке деген ұмтылыста, жетеліге еретін ерікте, қасиетті өрбітетін тіл өнерінде, әділетті әдепте. Адамзаттың, түркі әлемінің рухын жаңғыртар, жаңартар ұстанымдар мұнымен шектелмейді. Рухани жаңару - өтімтал да өнімді өнері арқылы замандастардың көңілі мен жүрегіне кілт табуда, іргелі парықтың нарқын анықтауда, кісілікке қызмет етуде, халықтың мінін түзетуде, көрегендігімен көптің үдесінен шығуда. Іргелі қасиеттердің иелері ақылмен елді, әлемді ұстады, адал заң және уәжді нұсқаумен елді биледі, өнер мен ұлағаттылық

сабақтастығына жанашырлық танытты. Олардың аты ел жадында мәңгі қалмақ

Ж.Баласағұни: «Ақмаңдайлы ұл-қыз туса алдыңда Үйіңде өсір бөтен жерде қалдырма. Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер. Қос жалғанды бірдей көріп, күлімдер. Бала өсіргің келсе дана жүректі, Қатты ұста, үйрет білім ізетті.» **«Жастары иманды елдің - болашағы зор»** - деген. Ислам дінінің тәрбиелік мәні зор қағидаларын пайдалана отырып, Ж.Баласағұни имандылық тәрбиесіне де ден қояды. Иmandылық идеясын негізгі өзек етіп алынған дастандағы кейіпкерлердің бүкіл болмысы, іс-әрекеті имандылық таразысымен өлшенеді. «Құтты білікті» Құранның бірінші Фатиха (Беташар) сүресінің сөздерімен бастауының өзі ғұламаның иманды адам болғанын, сондықтан жастарды имандылыққа баулуды мақсат етіп отырғанын аңғартады. Ғұлама ,жаратушы ұлы тәңір-Алланың құдіреттілігін дәріптей отырып, әр адамға күш-қуат беретін сенімді қалыптастыруды көздейді. Дастанда ең алдымен ортағасырлық әдебиетке тән дидактизм басым. Сондығы болар, ол заманда, Баласағұни түрік Конфузцы атанса, дастан тәрбие оқулығы саналған. Дастанда оқиға өрбітуге емес, ой айтуға көбірек мән берілген. Сюжетінен идеясы басым туынды жайлы сипаттама сөздің көбірек болуы заңды да. Дастанның негізгі мазмұнына келсек, мұнда да ең басты желі жоғарыда айтылғандай, имандылық тақырыбына тартылған. Дастанда төрт кейіпкер бар. Күнтуды патша – әділдіктің, Айтолды уәзір – дәулеттің, уәзірдің ұлы Өгдүлмiш – ақыл мен білімнің, **дiндар сопы Одғұрмыш қанағаттың, басқарма айтқанда имандылықтың символы.** Қазақ барын қанағатпен пайдаланып, сабыры мен шүкірін тең ұстаған адамды «иман таразысы түзу» деп айтады. Дастандағы ел-жұрттан жырақта тағат-ғибадатқа беріліп, тақуалық ғұмыр кешетін Одғұрмыш – имандылықты жүрегіне берік орнатқан, ғұмырын Алла жолына арнаған жан. Жаңағы аталған төрт қасиетті автор мемлекеттің, елдің негізгі ұстын-тірегі ретінде алып отыр. Сол **төрт тіректің бірі имандылық болуы көп нәрсені аңғартады.** Осы арқылы автор **«әділетті, дәулетті, білімді елдің міндетті түрде иманы түзу болуы керек, онсыз ел ел болмайды»** деген ұғымды бере білген.

– Білік жолы мен дін жолын ортағасырлық қаламгер сәтті тоғыстырған тәрізді...

– Бұл тоғысу исламның тіректік ұстанымдарынан туындаған. Мұны

дастанның сюжетінен танып-түсінуге болады. Дастанда Күнтуды патша Одғұрмыш тақуа туралы естісімен онымен диалогқа қатты құштар болып, бірнеше рет шақырту жібереді. Бірнеше шақырудан кейін ғана Одғұрмыш патшаға келіп диалогсып, әңгімелеседі. Одғұрмыш – дүние тіршілігінен аулақтап, біржола Алла жолына түскен адам, яғни тариқаттың өкілі. Ал патша – иман таразысы түзу, елді дін исламның жолымен, шарият жосығымен басқарып отырған шарияттың өкілі. Ислам дінінде әмірші тұлғасының ерекше дәріптелетіні, оның әміріне мүлтіксіз бағыну қажеттігі де осы имани жолмен басқару идеясына тікелей қатысты туындаған. «Патшаңыз зальым болса (яғни имансыз болса), сіздерге жердің үстінен асты жақсы» деген хадис те бекер айтылмаған. Құдіретті Мұхаммед пайғамбардың бойындағы адами ізгі қасиеттерді саралай отырып, әр адамды пайғамбарды үлгі тұтуға, оның ізгі істері мен өнегелі сөздерін күнделікті өмірде ұстануға шақырады. Имандылықты адамның жан-дүниесін, болмыс-бітімін бейнелейтін адамгершілік ізгі қасиет ретінде қарастыра отырып, оны тұлға жетілуінің сапалық көрсеткіші ретінде анықтайды. *Ұлы Хажыб шынығыл болсын баладай, Дінді білсін, дана болсын бабадай. Дінді білсін. Дық түсірмей көңілге, Көңілі ақтың – ісі де ақ өмірде. ... жақсы, жаман, бәрі құдай ісі деп, таны, табың, сана соны құдірет.* Көптің айтқанын көңілге тоқи келе айтарым Баласағұни бабамыз қазақтың ізгілік педагогикасының атасы еді. Осы шақта бабаның педагогикасы иманипедагогиканың тұғырлы негізін құрап отыр. Именипедагогиканың тұғыры тым тереңде жатқанын осыдан ақ аңғаруға болады.



3. Иманипедагогиканың әлемдік абызы



Қожа Ахмет Яссауи (1093- 1041(1103), ж.ш.), – түркістандық ғұлама, әулие. Қожа Ахмет Яссауидің арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Мұса шейх те Исфиджабта әулиелігімен танылған. Кейбір деректерде Қожа Ахмет Яссауидің Ибраһим атты ұлы мен Гауһар Хошназ (Жауһар Шахназ) атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Яссауидің ұрпағы

негізінен осы қызынан тарайды. IX ғасырда Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Иасы, Сауран, Сығанақ Шаш, Сүткент, Жент, Кудур, Отлук, Өзкент, тағыда басқа Мауераннахр қалаларында ислам діні уағызшыларының белсенді әрекеттері саяси сипат алған болса, X ғасырдан бастап ислам ілімі жолындағы тәлім-тәрбиелік ордалар – медресе-теккелер түбегейлі орнығып, исламдық-руханияттық ахлақи (моральдық) ұстанымдар қалыптаса бастады. Қожа Ахмет Яссауи дүниеге келмей тұрып, Исфиджабта исламдық фикһ (құқық) мектебі ханафи мазһабының ондаған өкілдері өмір сүрді. Яссауи ілімі осы саяси-әлеуметтік, тарихи шарттарға байланысты қалыптасты. Қожа Ахмет Яссауи ұстаздарының көшбасшысы – Арыстан баб. Кашифи “Рашахат-ул айн-ил хайат” атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабтың шәкірті болғандығы, одан заһир және батин ілімдерінің сыры мен мәнін үйренгендігі, оған 16 жылы қызмет еткендігі туралы мәлімет береді.

Ұстазы Арыстан бабтың соңғы деміндегі өсиетімен Яссауи Бұхараға барып, қожа Жүсіп Хамадани хазіретінің қызыметінде болып, мүршиділік кемел мәртебеге жетеді. Жүсіп Хамаданидің екінші халпесі қожа Хасан Андаки дүние салған соң қожа Ахмет Яссауи атамыз пір болып Бұхара халқына дағуат жасап жүргенде, Илаһи аянмен Түркістанға баруы ләзім болады. Пірлікті қожа Абдулхалық Ғыждуани хазіретіне беріп, барша шәкірттерінің оған қол беруін өсиет етті. (Мәулана Әли ибн Хусейін. «Рашахат ани әл-Хаят». -Астана, 2017. 456 бет). Туған өңірінің діни басқа отаршыл халықтардың қол астында қалатынын біліп, халқын құтқаруға келеді.

Қожа Ахмет Яссауи Ислам дінінің тура жолымен түркі-ислам

ұғымындағы діни қағиданың негізін қалады. Ислам дінін түркілер арасында ендіру өте қиынға соққан, себебі ислам діні келгенге дейін түркі дүниесінде өзіндік ата-бабадан мұра болып қалыптасып қалған салт-дәстүр, әдет-ғұрып ұшан теңіз еді. Оның үстіне көптеген басқа діндерде кірісіп қанатын кең жайған болатын. Солардың бәрін жеңіп олардың ішіндегілерді қажетінше пайдаланып қолдануы үшін өзіндік ерекше қағида жасауға тура келді. Мұндай қағида жасап шығу үшін, бұрынғы қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, басқа дін қағидаларын жақсы жете білуі керек еді. Оны білмей тұрып жаңа ислам дін қағидасын қалыптастыру мүлдем мүмкін емес болатын. Міне солардың бәрін електен өткізіп бір жүйеге түсіріп халыққа пайдалануға өз тілінде сайратып алып келгеннен кейін жаңа түрдегі ислам дінін қабылдау қиынға соққан жоқ. Бірақ мұны жасап шығу үшін Яссауи талай тер төкті. Сол үшін өмірін сарп етті. Соңында жер астына тірідей түсті.

Жергілікті халықтың салт-санасы мен сенім-наньымына, әдет-ғұрпына қайшы келмейтін ***діни-мистикалық мектептің негізін қалаған*** Қожа Ахмет Яссауи шығармашылығы сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. “Ислам дінін тек араб тілі арқылы ғана тануға болады” деген түсінікті теріске шығарып, сопылық әдебиет ұстанымдарын көне түркі әдеби тіл – шағатай тілінде сөйлетті. Қасиетті кітаптың арабша мағынасын толықтай түсіндіру, шариаттың қыр-сырын, дін қағидаларын қалың қауымға өз тілдерінде тереңнен таныту мақсатында хикметтерін жергілікті халыққа жақын айшықты поэзия тілімен жазды. Ол, шығармашылық әдебиетінде ертеден қалыптасқан, Құран Кәрімде баяндалатын тарихи аңыздар мен пайғамбарлар, әулие-әнбиелер жөніндегі әпсаналарды хикметтерінде ұтымды пайдаланды. XII ғасырдан бері түркі халқының дүниетаньымына елеулі ықпал еткен Қожа Ахмет Яссауи сарыны Асан Қайғыдан Абайға, сондай-ақ, күні бүгінге дейінгі қазақ ақындары шығармаларында көрініс тапқан. Адамды тәрбиелейтін Пайғамбарлар тізбегі тоқтаған соң, ұстаздық қызметті әулие-ғұламаларға берілді. Қожа Ахмет Яссауиге Алланың нұры түскен үлкен әулие Қожа Ахмет Яссауи түркі халықтарының дүниетаньымының көкжиегін кеңейтті, көне түркілік дүниетаньымды ислам қағидалырымен байытты, жаңа өркениет қалыптастырды. Дәл солай мәңгілік ілім көне түркілік мәдениетке де өз сәулесін шашты. Қоғамды жаңартты, Яссауи түркінің ежелгі өмір сүру заңдылықтарының шариғатқа қайшы емес жақтарын сол бойынша қалдырды,

қайшыларын назиралық жолмен ақырын жаңғыртып, синтез жасай білді. Яссауи қазақ ұлтының ұлттық идеологиясын жасады. Осы идеяны жас ұрпаққа, жалпақ жұртқа оқытып үйретететін, олардың бойына сіңіріп, жүрегіне қондыратын өзіне тән ерекше әдіс-тәсілі бар Иманипеддагогика деп аталатын тәрбиелеу, баулу ілімін тұжырымдап тұрақтандырды, мектеп-медіреселердің іс-әрекетін, тағылымдық үдерісін сол негізде құрды. Ахмет Яссауи еңбектеріндегі адамшылық, имандылық, инабаттылық, әдептілік т.б. тәрбиелер нұсқасы, ақылмандар өнегесі қалың бұқарадан алынған. Себебі Яссауи өз еңбектерін жазғанда ел-жұрттың әдет-ғұрып, салт-дәстүр, наным-сенім, ырым-тыйым, мақал-мәтел, аңыз-әңгімелер, сонымен қатар «Құран Кәрім» Мұхаммед /с.ғ.с./ Пайғамбар хадистерін басшылыққа алып отырған. Сондықтан да, Яссауидің педагогикалық ой тұжырымы әл-Фараби негізін салып, Ж.Баласағұни қабырғасын қалаған иманипедагогиканың шылымбайлы нұсқасы, өзіндік ерекшелігімен әлемге танылған (Өз басым көпшілік ғалымдардың оны тәрбиелеу сопылық ілім, сопылық педагогикасы деп атауын мүлдем ұнатпайым.) нұсқасы, Яссауидің сопылық дүниетаньымына, моральдік этикалық көзқарасына негізделген діни-философиялық қазанында қайнап піскен төлтуынды. Осы халықтың адамгершілік, имандылық сипаттары ғасырлар бойы қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, өткендердің келер жас әулетке сыйы ретінде үздіксіз беріліп отырды. Нағыз адамдық мораль - бұл халықтық мораль деп сүйсіне жазды, өзіміздің ойлы ғалымдар, ғұламалар, педагогтар мен жазушы, ақындарымыз (Біздің пікірімізше, халықтық-ұғымы иманипедагогикада тым көсілме, жадағай сөз. Себебі қазақ ұғымында халық деп жанды да, қараны да, байды да, кедейді де, көргенді де, көргенсізді де, жақсы да жаман адамның бәрін сиыстырып айтады. Ал орыстың народ дегенінде қалың бұқара, қараша басымдылық алады. Иманпедагогикада иманды адам, көргенді адам, жақсы адам, кемел адам, жетілген адам, парасатты адам, бақытты адам, толық адам, кемел кісі, ізгі кісі, тақуа адам, сопы, дәруіш, ғарип адам т.б. бейнелері дәріптеледі. Яссауи бабамыз осындай жандардың қалыптасу әдіс-амалын, жетілдіру жолын көрсетеді.) Қожа Ахмет жырлары әділдік, шапағаттық, мейірімділік, тоқуалық шыншылдық, ойлылық, тазалық секілді игі істерге шақырады. Оны өзінің парасатылықты пайдалану мен байламға келтіру жолымен өмір мен тұрмыс, тіршілік туралы толғамдарында паш етеді. Хикметтері тақуалық ғұмыр, ғарип, пақыр,

жетімдерге пана болып, қамқорлық жасау, Алла елшісінің жолын ұстау, өмірді босқа өткізбеу мен Құрани кәрімнің сүре, аяттарындағы уағыздар мен Мұхаммед пайғамбарларды еске түсіреді. Сайып келгенде **ұлы ақын бұрынғырақ гұмыр кешкен мұсылман шығысының ұстаздары мен даналарының кәміл адам тәрбиелеу идеясын алға тартады, әрі ол сопылық тағылым, дәстүрмен сабақтасып жатыр.**

Халқымыздың даналығына сүйенсек, «...көзі соқырдан гөрі, көкірегі соқыр жаман», - деген ғой. Бұл тіршілікте әртүрлі жағдайлармен дұрыс тәрбие ала алмаған «көкірегі соқырлар» тым көп. Сонықтан да өмір шындығының асқар таудай ұлы көріністері, олар үшін күнделікті ішіп жегендерінен артық емес сияқтанып көрінеді. Яссауи тұрақтандырған иманипедагогикасының басты мұраты пенденің көкірек көзін ашу. Яссауи бабамыздың адамшылыққа, имандылыққа, кісілікке тәрбиелеу, баулу көзқарасы оның еңбектерінде толық қамтылған. Мәселен, әуелі «Хикметтерінде» екіншісі «Пақырнама мен Мұнажатнамасында», ал үшіншісі болса, «Мират-ул-Кулуб» атты еңбектерінде талданып, берілген. Қалған мәселелер өмірбаянына негізделіп жазылған аңыз-әңгімелер мен хикаяттарында келтірілген. Міне, осы еңбектерді оқудың, тоқудың, танудың арқасында адам баласы өзін адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелей алады.

Ал Яссауидің уақытында өркенниеттің түлеуі процесі нәтижесінде бұрынғы құндылықтар мен ұстындар шайқалған. Қоғамдағы осындай әртүрлі келеңсіздіктер мен хаостың орнын толтырып, реттеу үшін Яссауи өзінің төл ілімін ұсынған. Ахмет Яссауидің моральдік этикалық көзқарасына діни-педагогикалық сараптама жасау, оның қазіргі таңда жас ұрпаққа беретін пайдасын және ислам сопылығына қосатын үлесін анықтау, сонымен қатар оны тәрбие беру ісінде қолдануды мақсат ету пайдалы болар еді. Себебі, **сопылық жоғ адамды жоғары моральдық-этикалық құндылықтарды өз бойына қалыптастыруды басты мақсат етіп қояды.** Яссауи көшпендінің рухындағы жауынгерлік, күрескерлік қуатты қиын әрі негізгі күреске бағыттауға тырысады. Бұл жаңа әрі қиын күрестің объектісі адамның өзі болатын. Өйткені **Яссауи сол дәуірдегі болып жатқан құбылыстар мен қиындықтардың мәнін түсіне алмай дал болған адам мен қоғамдағы психологиялық үрейдің себебін оның өзін-өзі танытауынан, өзінің ішкі мәнін аша алмауынан деп түсінеді.** Қоғамдағы болып жатқан әлеуметтік

құбылыстар мен өзгерістер тікелей адамның ішкі әлеміндегі қарама-қайшылықтардың, іштей бөлінулердің өмірдегі көрінісі болатын. Адам бұл дерттен тек ішкі әлемінде тұтастыққа жетіп, үндестік пен үйлесімділікке қауышқанда ғана құтыла алады. Яссауидің пікірінше **адам өз нәпсісін жеңгенде және ішкі тұтастыққа қауышқанда ғана рухани тепе-теңдік пен бақытқа қол жеткізеді.** Яссауидің сопылық дүниетанымында Аллаға бағынуға, оны тануға көп мән берілген. Себебі, **Алланы тану – көңіл көзін ашудың негізгі кілті.** Сондықтан сопылық жолдың кезек күттірмейтін басты өзегі – Алланы тану (мағрифату-л-лаһ). Сопылық дүниетаным бойынша әлем мен әлемдегі барлық жаратылыстарды Аллаһ ғашықтығының әсері ретінде қарау және сүю негізгі мәселе ретінде қарастырылады. Құран Кәрімде: “Шын сенгендерге жер жүзінде көптеген ишараттар (белгілер) бар. Тағы да өз болмыстарыңда белгілер бар. Еш көрмейсіңдер ме? (50;20-21)” - деп, адамның болмысы, дене құрылысы Құдайдың бар екендігін, осы тәріздес жаратылыстар әлем иесінің кемшіліксіз көрінісі екендігін дәлелдейді. **Құдайдың құдіреті мен шеберлігі кездеспейтін ешбір дене, мақұлық жоқ. Сондықтан жаратылған барлық болмыс Құдайдың жаратқан өрнегі, Алланың ауызбен айтып жеткізуі мүмкін емес шеберлігінің белгісі болып табылады.** Құран осы ақиқатты былай деп түсіндіреді: “Қайда қарасаң Алланың жүзі (рақымдылығы, қайырымдылығы, құдіреті) сонда” (Бақара-115). **Ахмет Яссауи - осы ақиқатты түсінген ұлы ойшыл. Оның пікірі бойынша әлем мен әлемдегі бүкіл жаратылыстар ұлы Жаратушының құдіреті шексіз екендігін көрсетеді. Ұлы бабамыздың көзқарасы бойынша дүниедегі барлық жаратылыстар Алланың ұлы, жоғары, мейірімді де рақымды екенін дәлелдейді. Жаратылысқа өмір берген де, бейне берген де тек ол ғана. Ол - шексіздік (мұтлақ) қайнары.** Яссауи ілімінде нәпсі жамандықтың, ал рух болса жақсылықтың қайнар көзі болып табылады. Жақсылық пен жамандықтың бірге болуы мүмкін болмағаны сияқты, нәпсі мен рухтың қатар өмір сүруі де мүмкін емес. Екеуінің бірі ғана өмір сүруі керек. Ал рухтың өмір сүруі үшін, нәпсінің өлуі шарт. Өйткені өмірдің мәні рухтың тазалығында, яғни көңіл айнасының ашылуында жатыр. Рух тазалығынан мақсат, ғашық мәртебесіне ұласып, Хақдидарын көру болып табылады. Олай болса, түркі халқының тарихындағы дін туралы толғаныстар мен ондағы адам мәселесінің негізгі даму бағыттарын былайша жүйелеп

көрсетуімізге болады. Бірінші, діннен адам болмысын туындатып, оның этикалық жақтарына баса назар аудару. Екіншісі, дәстүрлі исламдық діни философияны жаңғырта отырып, адам туралы ортодоксальді діни антропологияны негіздеу беталысы болды. Үшіншісі, еркін-ой мен ислам дінінің жаңа арналарын іздеуге талпыныс және діни сенімнің өзіндік бір «қазақ» үлгісін жасауға деген ұмтылыс.

Тарихтың биік шыңынан көрінген түрік-мұсылмандық қайта өрлеуіндегі (VIII-XII ғғ.) ұлы тұлғалардың, адамның ең құнды қасиеттері мен өмір сүру принциптерін ғылым мен ислам ілімі үндестігі негізінде дамыту қажет деген пікірлеріне жүгінсек, ұрпақтар арасындағы, ғасырлар бойындағы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асырып отыратын салт-дәстүр, әдет-ғұрыптардың айналып келіп дінге сыйсатынына көзіміз жетіп отыр. ***Ізгілік пен қайырымдылық, парасаттылық пен адамгершілік, жақсылық пен жамандық түсініктерінің тарихы о бастан дінмен органикалық байланыста қалыптасқан.*** Басты назарды адамдық құндылықтарға аударуды мақсат етіп, адамның әлемдегі орны мен рөлі, ақшы мен сенімі, танымы мен еркіндігі сияқты адам болмысының күрделі де маңызды жақтарын түсіндіруді ерекше ұлағат еткен қомақты туынды, түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, пәлсапашы Қожа Ахмет Яссауидің — "Диуани хикмет" (Хикмет - жинақ) кітабы. Бұл еңбектегі хикметтердің мәні, философиясының өзегі — адам. Ал автор адам "кемелдікке" жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек және өзін-өзі тануы қажет дейді. Халықты ізгі қасиеттерге, адамгершілікке үндейді: «...*Ғарип, пақыр жетімдерды қылған шадман, Құлдық қылып, газиз жанды еткін құрбан. ...Ғарип, пақыр жетімдерді әркім сүйер, Риза болар ол пендеге пәруәрдігер. ...Дүние үшін қам жеме, хақтан өзгені деме. Кісі малын сен жеме, сират көпірінде тұтар. ...Алла жайын айта алмай, өліп кетсем, Ессіз өмірім арманда өтер достарым. ...Хақиқат дариясынан ішкен кісі, Өзі мұңлық, көңілі сынық көзі жасты... ,...Хақ қарарынан қорқып, жасын төкпегендер, Тозақта жүз мың азап тартар достар... Әділетсіз зұлым патша болғаны — ай, Ордасына өңшең құдың толғаны — ай. Бірін бірі жиналысып қолпаштап, Су төгілмес жүр зой бәрі жорғадай.*

Дін адамзаттың қоғамдағы өмірін, азамат ретіндегі өмірін, жанұядағы өмірін және бұл дүниеден кейінгі ахиреттегі өмірін

реттейді, Мен кіммін, қайдан келдім, қайда барамын, бұл жаратылыс қалай болды, өмір қалай пайда болды, бұл әлемді, бұл космосты жаратқан қандай күш деген сұрақтар бұдан талай мың жылдар бұрын да болған, ол, әлі неше мың жылдан кейін де адамзатта бола береді. Осындай сұраныстар, қажеттіліктер болғандықтан, адамзат өмірінде дін әрқашанда болады. Имандылық тәрбие адамның өзін-өзі ішгей де сырттай да көз жүгіртіп, толықтырып отыратын адам тәрбиесінің жоғарғы сатысы. Ғылым білімнің жоғарғы сатысы деп қарасақ, имандылық тәрбиенің жоғарғы сатысы деп қарауымыз керек.

Қ. А. Яссауи өзінің еңбектерінде имандылыққа баулудың кемел адам қалыптастырудың жеті қағидатын қарастырған: 1. Аллаһқа деген махаббат 2. Ықылас пен шынайылық 3. Адамға деген сүйіспеншілік 4. Кішіпейілділік 5. Әйел мен еркек теңдігі 6. Еңбекті бағалау 7. Ілім мәселесі "Диуани хикмет" (Даналық кітабы) оғыз-қыпшақ тілінде өте қарапайым, көпшілікке түсінікті тілмен жазылған әдеби туынды. Хикмет тілі дін Исламнан хабары бар жанға жеңіл. Хикметтерді тереңірек үңіліп, мән бере оқыған адам Яссауи жырларының қыпшақ тіліне өте жақын екендігін аңғарады. Сондықтан, Қ. А. Яссауи шығармалары бүкіл түркі халықтарына ортақ рухани мұра. Ақынның шамамен 143 хикметі бар. "Диуани хикметтің" алғы сөзінде жалпы мұсылман дінінің негізгі қағидаларын, шарттарын, парыздарын байыппен баяндайды. Мұндағы ой-тұжырымдар төмендегі жүйелерден тұрады: ***таубашылық, гибадатшылық, махаббат, сабырлылық, шүкіршілік, ризашылық, захидшілік (анықтық), ғариптік.*** Мұнда сүйіспеншілік сияқты мәселелері арнайы сөз болады. ***"Диуани хикмет" адамзатты имандылыққа, бауырмалдыққа, сүйіспеншілік пен ізгілікке тәрбиелеуді мақсат ете отырып жазылған шығарма.*** Ақын "Диуани хикмет" еңбегінде адамзатқа ақыл, өсиет айта отырып үлгі, өнеге көрсетуге шақырған. Қайда жүрсең көңіл жұмсақ сыпайы болғын, Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғын. Махшар күні тәңірге жақын болғын, Мен менсіген халықтан қаштым міне. Бұл хикметінде ақын адамдардың бір-біріне деген бауырмалдығын, мейірімділігін, сүйіспеншілігін насихаттайды. Қ. А. Яссауи өзінің "Диуани хикмет" шығармасында Аллаһқа сүйіспеншілік мәселесіне ерекше мән берген. Осы әлемдегі өмірдің түйіні-Аллаһқа құлшылық ету, таубеге келу, құдай жолына жанын пида ету секілді парыз міндеттерді суреттеп қана қоймай, оны іске асырудың нақты жолдарына да арнайы тоқталады. Аллаһ адамды махаббат сезімінен жаратқан.

Мұсылмандық Аллаһты сүюден басталады және жалғасады. Сол себепті Қожа Ахмет Иман жоқ сүймегенде, жаны да жоқ, Болмайды Расул сөзін танып әлек,-дейді. Ақын өз өмірінен қорытынды шығарып, былай дейді: «Бар дүние менікі деген сұлтандарға, Ғалам малын сансыз жиып айдағандарға. Өмірі сауық-сайран құрғандарға, Өлім неше бір опа қылмайды деп...» Осындай дүние-мүлік үшін жанын жалдап, арамдық, сұмдық, зұлымдыққа барған кісілерді аяусыз әшкерелейді. Оларды тәубеге келтіріп, иманды ету үшін ақын ең алдымен өз басындағы міндеттерді тізбелейді. Күрмеуге келмес қысқа жіптей аз күн жалғанда, нарықтық заман қыспағында Қ. А. Ясауи бабамыздың хикметтерінің маңызы зор. Егер әрбір пенде күнделікті өмір, күйбең тіршілік қам-қарекеттерін күйттеп, рухани ілім, білім, әдебиет, мәдениет мәселесіне мән бермесе, қазаққа еңселі елдік қайда, егемендіктен не пайда?! Дәуірлер, замандар көші алға озуда. Алайда, ата-бабаларымыздан қалған асыл сөз ешқашан көнермек емес, "Ғалымның хаты өлмейді" дегендей Ясауи кітабын тек әдеби шығарма деп бағалау аз. Мұндай асыл-мұралар, тарихи туындылар адамды тығырықтан шығарып, тұтқиылдан босатар, инабатшыл көңілдерге иман ұялатар мәнді шығарма. Бұл туындылардың түп төркіні, маңыздылығы ар-ұят аталған әлемдік жарасым әміршісі-Аллаһқа деген сенімде, шексіз махабатта жатыр. Тәртіптілік пен тәрбиелілік. Аллаһтың киелі ақжолынан бастау алған, ағайын. Ұлы баба Қ. А. Ясауи хикметтерінің негізгі идеясы да осы. Үрпақ тәрбиесінде иманипедагогиканы ұстаным еткен ата-ана, тәрбиеші ұстаздар үшін бұл еңбек оқулық саналуда.

Ислам өркениеті Ұлы Дала өлкесіне тарау арқылы ғылым-білім, мектеп-медресе қатарлы оқу-білім ошақтары өте баяу болса да, оның көне дамымаған түрлері келсе де, қазақ қоғамында жылжу болды, қазақтың көкірек көзін ашу амал-айласына сіңісе отырып, өз орнын тауып жатты. Соның бірі имандылық арқылы көкірек көзін ашу амал-тәсілі еді. Мұның дәлелін Ясауидің ілімінен «Мират-ул-Қулуб» атты еңбегінен табамыз. Ясауи философиясында **көңілдің пәктігі** ең басты шарт. Адам рухының жоғарғы сапалық тазалық категориясы "қалб-и салим" дәрежесіне жету қажет. Қалби салим болуды Құран аяттарында қалай түсіндірсе, Ясауи де өзінің «Көңілдің айнасында» оның жолдарын, өсу сатыларын "дария", "кеме", "асу" символдары арқылы өте анық, түсінікті түрде айшықтаған. Адамдағы көңіл материалды, яғни көзге көрінетін, рухани, көзге көрінбейтін әлемдерді тұтастандырып, біріктіріп

тұрады. Көңіл осы екі әлемде "төреші" болуы үшін өзін дамытып, кемелдендіріп, шыңдап «көзін ашуы» тиіс. Себебі: «...Захир көзі ғафлетте, "Батин көзі" ашылса ешқандай "перде" қалмайды. "Жан көзі" — қайран болып, "иман нұры" арқылы көре бастайды. Сыр көзі-"фана" мақамында "өздің өзі" (рухтың рухы) арқылы көреді. ... Көңіл көзі жарылмадан тағат қылса, Хақ дергахында қабыл болмайды". Ясауи үшін көңіл ішкі және сыртқы әлемнің орталығы болу үшін көзін ашу қажет. Сонда ғана жанның да, тәннің де амалдары оң болады. Міне, көңіл тән үшін де, жан үшін де өте маңызды рөл атқарады. Дегенмен, адамды адам еткен оның мәні, рухы болғандықтан, сопылық философияда көңілдің рухани рөлі тәнге қатысты қырына қарағанда әлдеқайда жоғары тұрады. Сондықтан осы руханилығы жағынан өте нәзік сырлар мен құпияларды хикметтер арқылы адамның адалдығын, мән-мағынасын қамтамасыз ететін күш – көңіл. **Алланьң аманатын арқалайттын күш иман болса, соны ең алдымен бойға дарытаттын ақыл, ой, тіл, сана емес, көңіл, жүрек.** Бірақ, адамның болмыстық табиғаты бойынша, жақсылық пен жамандықтың, тақуа мен асылықтың, иман мен күпірліктің күрес алаңы да осы көңіл. Көңіл сондықтан елеулі еткенше бір қалыпты бола алмайды. Сондықтан ол **үздіксіз бақылау, тізгіндеу, тәрбиелеуге мұқтаж.** Көңіл – айна. Оған Алла да, періште де, шайтан да қарайды. Періште қарап кетсе, оған иман, ізгілік, игі амал, рухани хәлдер сыйлайды, ал шайтан қарап кетсе, күпірлік, күдік, күмән, жаман амал, шакуат, әуестік, менмендік ұялайды. Көңіл өз айнасына қарауға тек періштеге ғана рұқсат беретін хәлге жетуге тырысуы шарт. Көңілді ондай хәлге жеткізу үшін сопылықта негізгі әдіс – **зікір**, яғни, **Алланьң аты, заты, көмегі, қуатын шақыру.** Сонда ғана көңіл зікірмен тыныштық, бақытқа кенеледі. Ал көңілдің тыныштығы иманның артуына, бекуіне мүмкіндік береді. **Сонда ғана көңілдің перделері ашылып, көрінетін және көрінбейтін әлемдердің сырлары аян болады.** Барлық сырларды бүгіп жатқан әлем оқылуға дайын кітапқа айналады. Біз мұнда иманипедагогиканың тәрбиелеу бір әдісі зікір туралы айтып қалдық. Ясауи еңбектерінде кәміл адам қалыптастырудың барлық тәсілдері егжей тегжейлі түсіндіріледі. Олар көрсету, үйрету, жаттықтыру, сендіру, өтіну, кеңес беру, мақұлдау, сәттілік тілеу, тыйым салу, ант беру, күшейту, сөгіс беру, кінәләу, тәубаға келу, мінәжат ету, құлшылық ету, жан жылуын маздату, ғашық болу, құштар болу, таза болу, қанағатшыл

болу, сабыр қылу, сауап жасау, нәпсің тыю, құдай жолына жаның пида ету және т.б. Бұларды істеп орындай алған сопы, дәруіш кемел адам дәрежесіне көтеріле алады. «Яссаутанушылардың» тұжырымына сүйенсек Ахмет Яссауидің өз халқына жасаған маңызы зор үш қызметі бар екен. 1. Қожа Ахмет Яссауи өмір сүріп тұрған дәуірде, яғни 12 ғасырда өзге түрік ғұламалары еңбектерін араб, парсы тілдерінде жазды сол ғұламалардың арабша, парсыша еңбектерін қарапайым көшпелі отырықшы халық түсіне алмады. Сондықтан исламның жылдам түріктер арасында таралуына кедергі болды. Ал Ахмет Яссауи тұңғыш түрік ислам сопысы ретінде түріктерге исламды және сопылық жолды түсіндіру үшін, араб, парсы тілдерін өте керемет меңгергеніне қарамастан хикметтерін түрік тілінде жазды. Хикметтері түрік әлемнің түкпір-түкпіріне таралды. Ахмет Яссауи исламды өз халқының, яғни түрік тілінде уағыздады. Түрік тілі қайтадан жандала бастады. Өйткені, Яссауидің жолындағылардың барлығы да түрікше сөйлейтін болды. Қоғамның барлық қызметі оған үйлестіріліп, оқу-тоқу, білім беру ісіне түрік тілі жетекшілік ете бастаған. 2. Яссауидің халқымызға жасаған қызметінің екіншісі, Құран мен сүннет негіздеріне сүйене отырып, адасқан ағымдарға түспестен, түрік халқының 90-95 мұсылман болып қалыптасуына белсенді үлес қосқан адам. 3. Яссауи жоғарыдағы екі қызметі арқылы өзіміздің ұлттық мәдениетімізді қалыптастырды. Өйткені тіл мен дін бір ұлттық мәдениетінің негізгі іргетасы. Сондай-ақ Ахмет Яссауи жан-жаққа тарыдай шапшылып кеткен көшпелі түрік тайпа-ларының отырықшылыққа айналып жатқан кезінде исламның біріктіруші негіздерін қолданып, үлкен әсер етті. Сөйтіп, **түрік ислам мәдениетінің негізгі іргетасын қалады**. Тек қана Орта Азия мен Қазақстанға ғана емес, Анадолы Анадолы (кіші Азия), Балқан, шығыс Еуропадағы түрік халықтарының басқа халықтарға сіңіп кетпестен, түрік ұлты болып орналасуына, көгеріп гүлденуіне белсенді әсер еткен Ахмет Яссауи және оның шәкірттері болатын. Ұлы ұстаз Қожа Ахмет Яссауидің өз халқына қызмет етуге ұмтылысы оның мәні өшпес, әйгілі мұрасы "Диуани хикмет" (Ақыл, даналық кітабы) атты жинағынан айқын көрініс берді. Ол халық даналығы мен оған түсінікті тәрбие туралы идеяларды қорытындылай келе, оларды ерекше бейнемен өзгертті және халықтың өзіне қайтарды. Мұнда халықтың болашаққа мазасыздықпен қарауы, адамгершілік сабақтары қызметін атқарған сол тарихи зерденің өзі, орындалуы бүгінгі күні де мағыналылығын

жоймаған келешек ұрпаққа өсиеттер бар. **"Көшпелі жартұлай көшпелі қыпшақ, оғыздардың тұрмыс-тіршілігін, көзқарастанымын ескере отырып, сол жұрттың өз тілінде төгілте жырлаған, араб тіліндегі құран мен шарият заңдарын өлеңмен сипаттап берген"** бұл шығарма, сонымен бір мезгілде педагогикалық аса көрікті туынды екендігі күмән туғызбайды. Автор тәрбиенің мақсаты тұлғаның кемелденуі жайлы қамқорлық деп ұдайы есінде ұстайды. Мәселен шығармадағы "Басты ізгіліктердің" олардың маңыздылығы есепке алынып бірізділіктен орналастыруы қызығушылық тудырады: **жетілудің нәтижесі – ақыл, бірақ анықтаушысы адамгершілік тұрғыда кемелдену: «Қайда жүрсең көңіл жұмсақ, сыпайы болғын, Көре қалсақ мүсәпірді сырлас болғын,...**» Өрі қарай еңбек ақыл, денсаулық, әсемдік және басқалары ілеседі. Және де ақыл ұтымы адамгершіліктің көптеген маңызды белгілерін енгізетін аса ауқымды мәнге ие: **«Ақылға ерсең ғаріптерді мейіріммен сүй, Мұстафадай елді кезіп, жетімді жый, Дүннеқоңыз, пасықтардан бойынды тый...»** Жетілудің шексіз және өте кең мүмкіндіктері айрықша атап көрсетіледі. Автор өзін-өзі тәрбиелеу жолымен жастар өз бойына ең жақсы адамдық сапалар; мейірімділік, әдептілік, еңбексүйгіштік, қарапайымдылық, әділеттілік, ададдық пен шыншылдықты сіңіре алатынына сенімді. Шығармадағы педагогикалық тұрғыдан қызығушылық туғызатын орталық сюжетті желілердің бірі – ол жас сипаттамалары: **«Бір жасыңда аруақ маған үлес берді, "Екі жаста пайғамбарлар келіп көрді. Үш жасыңда шілтен келіп халім білді, ...Бес жасыңда шариятқа белім будым, Дін жолыңда ораза ұстап әдет қылдым.»** Еңбекте автордың өмірі педагогикалық цикл ретінде толық баяндалумен қамтамасыз етілген: **«Жазуменен жасым жетті жырға бес, Субхан ием, зікірменен көкейім тес. 'Көкірегіңдегі түйіндерді сен өзің шең, Солсебеппен хаққа сиынып келдім міне...Отыз тоғыз жасқа кірдім, қылдым қасірет, Ұғ дариға, өтті ғұмырым, қане тағат? Қанағатшыл хақ қасында хош сағадат, Қызыл жүзім тағат қылмай солды, достар...»**, **«Пенденің кемел жасы – қырық.»** Сыртқы кейпі және мазмұны бойынша да айқын педагогикалық құбылыстар ретінде көрінетін мұндай үлгілер осылай жалғасып кете береді. Мұның барлығы **"Диуани хикметті" поэзия мен педагогиканың ұлы ескерткіші ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.** Оның өмірде неге ұмтылып, неден безіну

керектігін белгілейтін моральдық ұғымдарын оқып үйренудің бүгінгі кезең үшін мәнді тұсы жастардың тәртібі, этикалық және эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру ісінде тәлім-тәрбиелік бағдар бола алатын мүмкіндігінде. Мұндағы ой-тұжырымдар төмендегі жүйелерден тұрады: **тәубашылдық, жибадатшылдық, махаббат, сабырлылық, шүкіршілік, ризашылдық, заһидшілік (анықтық), ғаріптік.** Мұнда сүйіспеншілік сияқты мәселелері арнайы сөз болады. "Диуани хикмет" адамзатты имандылыққа, бауырмалдыққа, сүйіспеншілік пен ізгілікке тәрбиелеуді мақсат ете отырып жазылған шығарма.

Ақын "Диуани хикмет" еңбегінде адамзатқа ақыл, өсиет айта отырып үлгі, өнеге көрсетуге шақырған. Қайда жүрсең көңіл жұмсақ сыпайы болғын, Көре қалсаң мүсәпірді сырлас болғын. Махшар күні тәңірге жақын болғын, Менменсіген халықтан қаштым міне. Бұл хикметінде ақын адамдардың бір-біріне деген бауырмалдығын, мейірімділігін, сүйіспеншілігін насихаттайды. Қ.А.Ясауи өзінің "Диуани хикмет" шығармасында Аллаһқа сүйіспеншілік мәселесіне ерекше мән берген. Осы әлемдегі өмірдің түйіні-Аллаһқа құлшылық ету, тәубеге келу, құдай жолына жанын пида ету секілді парыз міндеттерді суреттеп қана қоймай, оны іске асырудың нақты жолдарына да арнайы тоқталады. Аллаһ адамды махаббат сезімінен жаратқан. Мұсылмандық Аллаһты сүйуден басталады және жалғасады. Сол себепті Қожа Ахмет: Иман жоқ сүймегенде, жаны да жоқ, Болмайды Расул сөзін танып әлек,- дейді. Ақын өз өмірінен қорытынды шығарып, былай дейді: Бар дүние менікі деген сұлтандарға, Ғалам малын сансыз жиып айдағандарға. Өмірі сауық-сайран құрғандарға, Өлім неше бір опа қылмайды, -депосындай дүние-мүлік үшін жанын жалдап, арамдық, сұмдық, зұлымдыққа барған кісілерді аяусыз әшкерелейді. Оларды тәубеге келтіріп, иманды ету үшін ақын ең алдымен өз басындағы міндеттерді тізбелейді. Күрмеуге келмес қысқа жіптей аз күн жалғанда, нарықтық заман қыспағында Қ. А.Ясауи бабамыздың хикметтерінің маңызы зор. Егер әрбір пенде күнделікті өмір, күйбең тіршілік қам-қарекеттерін күйттеп, рухани ілім, білім, әдебиет, мәдениет мәселесіне мән бермесе, қазаққа еңселі елдік қайда, егемендіктен не пайда?! Дәуірлер, замандар көші алға озуда. Алайда, ата-бабаларымыздан қалған асыл сөз ешқашан көнермек емес. Мұндай асыл-мұралар, тарихи туындылар адамды тығырықтан шығарып, тұтқиылдан босатар, инабатшыл көңілдерге иман ұялатар мәнді

шығарма. Бұл туындылардың түп төркіні, маңыздылығы ар-ұят аталған әлемдік жарасым әміршісі-Аллаһқа деген сенімде, шексіз махаббатта жатыр. Тәртіптілік пен тәрбиелілік. Аллаһтың киелі ақжолынан бастау алған. Ұлы баба Қ.А.Ясауи хикметтерінің негізгі идеясы да осы.

Қазақ даласына исламның таралуы діни білім мен араб тілін оқытып үйрету қажеттілігі негізінде мешіт, медресе, кітапханалар салынып, осы іс-әрекетке тікелей әсер етуші түркістандық пір Ясауидің дана далара даналығы негізінде тәрбиелеу сопылық ілім қалыптасып, оқытып білім берудің сопылық педагогикасы салтанат құрып, сан миллион-даған ұрпақтардың білім алып, сауат ашып, жүрегіне рух нұрын құюда өлшеусіз өнеге көрсетті. Мысалы, ол кездегі қазақтар мекендеген Сыр бойындағы, Таластағы қалаларда, қыстақтарда - мектептер, медреселер болған. Олар негізінен араб жазуын үйренуге ден қойған. Ол кездегі араб жазуын үйрететін үлгілі мектептер Ташкентте, Түркістанда, Сауранда, Сығанақта, Отырарда, Сайрамда, Шымкентте, Созақта орналасқан. Бұл медреселерді ашуға Қожа Ахмет Ясауидің ұрпақтары, шәкірттері үлкен себепкер болған. Бұлардың барлығы Ясауидің адамгершілік, шындық, әділет сөздерін қадірлеп, бар өмірін білім дүниесіне тануға, жұмсаған ғалымдар, халықты нағандықта қалдырмай, ілгері бастыруға ұмтылған адамдар. Қожа Ахмет Ясауидің өз ұрпақтары салдырған мешіт, медресе, мектептері Қаратаудың солтүстігіндегі Құмкент қаласымен қатарлас орналасқан. Олардың тарихи мазмұны халық аузында аңыз ретінде айтылады. «Шаһті әзіздің» даңқы Құмкентпен қатар айтылады. (Ә.Марғұлан) Шарифат ілімдерін терең игертуге бағытталған дәстүрлі медреселер жүйесімен қатар діни білімді рухани тәжірибемен ұштастыруды, рухани кемелденуді мақсат еткен тариқат ұстаздары қалыптастырған рибат, текке, құжыра, забия, ханака секілді білім ордалары орта ғасырларда қазақ жерінде кеңінен тарады. Медреселер нақты мамандандыру жүйесі болса, аталған рухани білім ордалары рухты кемелдендіру жүйесі ретінде қызмет етті.

Рухани ілімге деген халық сұранысы қазақ жерінде діни білім беру жүйесінің жартылай отырықшы, жартылай көшпелі тұрмыс-салтына тән өзіндік үлгілерін қалыптастырды. Соның ішінде ірі қалаларда жалғасын тапқан медреселер қызметімен қатар көшпелі жұрт арасында молда ұстап, бала оқыту дәстүрі де кең тарағанын

атап айту қажет. Жаз жайлауда, қыс қыстауда жағдайлы отбасылар жалдаған молдалар қазақ балаларының хат танып, сауат ашуына ықпалын тигізді. Қазақ жомарт қолдаушыларының көмегімен ел ішіндегі діни білімді рухани тұлғалар да өз жүйесімен бала оқыту арқылы халықтың діни сауатын көтерді. Осындай рухани қайраткерлердің күш-жігерімен бертінде Сыр бойында атақты ақундар мектебі қалыптасты. Бір ғана Алдашбай ақунның мектебінде 2000-ға жуық қазақ балалары білім алғаны туралы деректер сақталған. Мұндай мысалдарды қазақтың қай өлкесінен де келтіруге болды. Мұның бәрі-қазақ сахарасына өзіндік өзгешелігі бар діни педагогиканы туғызды. Ең қызықты құбылыс ауыл молдаларының шағын мектебі құрылып, діни мектеп әулеттік мектепке араласып, діни педагогика мен әулеттік мектеп педагогикасы өзара қабысып, тәрбиелеу әдіс-тәсіліне діни қағидағтар мен ұстанымдар тіреу бола білді. Қазақтың тәрбиелеу үрдісінде сахих хадистер мен суннат, ислами тыйымдар мен бұйрықтар алға шығып, ұрпақ тәрбиесін алға сүйретті. Иманипедagogиканың даму тарихында, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, оларды өмірге дайындау үрдісі Ұлы Даланың Ұлық ұстаздарын туғызып, олардың өзіндік ілімін айшықтады. Қорқыт Атаның өсиетнамалық тәрбиелеу ілімі, Фарабидың моральдық-этикалық ілімі, Ж. Баласағұнидің Кісілік қасиет қалыптастыру ізгілік ілімі. Сондай-ақ, тәрбиелеу Абай ілімі-«Адам бол!» формуласы, кісілік философиясы, тәрбиелеу Шәкерім ілімі-ар-ождан ілімі, ақиқат философиясы, Яссауидің сопылық-моральдық ілімі, ислами-түріктік философиясы т.б. Осы қатарлы, ілімдер жинақтала келіп, қазақ педагогикасының шоқтығы биік бір саласы иманипедagogика болып орнықты. Бұл педагогиканың іргелі тарауы қазақтың ұстаздық ілімі. Осы ілімге де Яссауи бабамыздың қосқан үлесі орасан зор. Осының бәрін жинақтай келе Ахмет Яссауи бабамыз иманипедagogиканың әлемдік абызы деп мақтанышпен айта аламыз.

